

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының шешімімен
2017 жылғы «__» _____
№ _____ хаттама
(№ __ хаттамаға қосымша)
«БЕКІТІЛДІ»

**«Қазақтеңізкөлікфлоты»
Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2016 жылғы
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕМЕСІ**

Ақтау қ-сы, 2017 жыл

МАЗМҰНЫ:

1.	ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	3
2.	БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ.....	4
3.	КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ	Ошибка! Закладка не определена.
4.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ	Ошибка! Закладка не определена.
5.	КОМПАНИЯНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІ.....	6
6.	ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ РЕТТЕУ.....	7
7.	КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.....	8
8.	КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ.....	10
9.	КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒА БЕРУ.....	Ошибка!
	Закладка не определена.	
9.1.	<i>Өндірістік бағдарламаның орындалуы....</i>	Ошибка! Закладка не определена.
9.2.	<i>SWOT-Талдау</i>	Ошибка! Закладка не определена.
9.3.	<i>Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы.....</i>	Ошибка!
	Закладка не определена.	
10.	САЛАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	18
11.	КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.....	19
12.	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ.....	1
12.1.	<i>Басқару құрылымы.....</i>	21
12.2.	<i>Қадағалау Кеңесі.....</i>	Ошибка! Закладка не определена.
12.3.	<i>Басқарма.....</i>	24
12.4.	<i>Тексеру комиссиясы (тексеруші).....</i>	26
13.	КОМПАНИЯ МЕН ОНЫҢ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ.....	29
14.	БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ.....	30
14.1.	<i>Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті.....</i>	30
14.2.	<i>Қауіпсіздікті басқару жүйесі.....</i>	31
14.3.	<i>Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....</i>	34
14.4.	<i>Қоршаған ортаны қорғау.....</i>	36
15.	КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	
17.1.	<i>Кадрлық саясат.....</i>	42
17.2.	<i>Кадрларды даярлау.....</i>	43
17.3.	<i>Демеушілік және қайырымдылық көмек.....</i>	44
18.	АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ.....	44

1. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Қадағалау кеңесі Төрағасы Н.Н.Шмановтың үндеуі

Құрметті достар!

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) 2016 жылы бұдан бұрын бекітілген стратегиялық жоспар бойынша қаз басып дамуын жалғастырды, оның ең басты бағыты – бұл әлемдік деңгейдегі отандық теңіз кеме қатынасы компаниясын құру болды.

Алдыңғы жылы ҚТКФ үшін негізгі оқиғалардың бірі Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) шеңберінде «Теңізшевройл» компаниясымен ірі көлемді модульдерді тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынуға шарт жасасу және оған шарт тараптарының қол қоюы болды.

Осы атаулы оқиға ҚТКФ дамуының елеулі кезекті кезеңі болды. Компания еңбекті, өмірді, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау саласында қойылатын халықаралық қатаң талаптарға сүйене отырып, қисынды және ұзақ мерзімді инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде ірі трансұлттық өнеркәсіп топтарымен жұмыс жасауға әзір болатындығын көрсетті. ҚТКФ сауда мақсатында теңізде жүзу флотының флагманы ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев белгілеп көрсеткен еліміздің басым мәнге ие транзиттік әлеуетін дамытудың жалпы мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға өз еншісін қосты.

2016 жылы артығымен орындалған жұмыстар ҚТКФ тарапынан бастау алған жобаларды іске асыруды одан әрі жалғастыруға, негізгі қызмет түрлерінен көретін табыстылықты ұлғайтуға, Қазақстанда сауда мақсатында теңізде жүзу саласында оң қарқындылықтың өсуіне ықпал етті.

Мен ҚТКФ Қадағалау кеңесінің атынан компанияның клиенттері мен серіктестеріне ҚТКФ жыл бойы көрсеткен қолдауы үшін алғысымды білдіремін. ҚТКФ адал әрі ерен еңбегі «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС қазақстандық кеме қатынасында озат компания ретінде танылуына жол ашты.

2. «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС Бас директоры (Басқарма Төрағасы) М.К.Ормановтың үндеуі

Құрметті достар!

ҚТКФ 2016 жылы ТШО компаниясының БКЖ қатысуы бойынша келіссөз жүргізудің ұзақ мерзімін ойдағыдай аяқтады. Алдыңғы жылғы шілде айының 28-і

күні ҚТКФ және Blue Water Shipping (бұдан әрі BWS) Астана қаласында ТШО компаниясымен ірі көлемді модульдерді тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынуға Шарт жасасып, оған қол қойды. Осы Шарт талаптары бойынша жаңа заманға сай зауыт құрылысын салу үшін Құрық портынан Прорва аймағына дейін шамамен 75 модульді тасымалдау жоспарланды. Бұдан әрі ҚТКФ осы жоба бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін жоғарыда көрсетілген модульдерді тасымалдауға бейімделген мамандандырылған кемелердің кеме жасауын жүзеге асырмақ, осы орайда 3 кемең кеме жасауы Браил қаласында «Vard Braila SA» кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінде жоспарлануда.

Аталмыш жоба ТШО БКЖ қазақстандық қамтылым үлесін ұлғайтуға, сондай-ақ мультимодальдық халықаралық кіші көлемді жүктерді теңіз арқылы тасымалдау саласында жұмыс тәжірибесі бар отандық мамандардың даярлығын жүргізу мүмкіндігін бермек. Сондай-ақ, ҚТКФ Астрахань қаласынан 180 км және Махачкала қаласынан 240 км қашықтықта Каспий теңізінің Ресей бөлігінде орналасқан Юрий Корчагин атындағы мұнайгазконденсат кен орнынан мұнай тасымалдауды қолға алды. Тиісінше, Компания ғаламдық экономиканың өсуі кезеңінің сәтті мезгілі сияқты ғаламдық экономиканың дағдарысқа ұшыраған кезеңінде өз қызмет аясын дамытуға және одан әрі сапалы кеңейтуге қолжетімді болғанын дәлелдеді.

Алдыңғы 2016 жылы компания бойынша бірде бір авариялық жағдайлар тіркелмеді, бұл өз алдына ҚТКФ қызметінің сенімді болуын растады.

Құрметті әріптестер мен достар! ҚТКФ Басқармасының атынан Жалғыз қатысушыға, клиенттер мен серіктестерге қолдау көрсетіп, жоспарларымызды іске асыруға қолғабыс тигізгені үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Осы ретте, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС еңбек сіңген қызметкерлеріне, кемелердің капитандары мен экипаж мүшелеріне, жағалау персоналына олардың кәсіби деңгейі мен адал жұмысы үшін дән ризашылығымды білдіремін.

3. КОМПАНИЯНЫҢ МИССИЯСЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЫ

МИССИЯСЫ:

Каспий өңірі сияқты Каспий теңізінің акваториясынан тысқары суларда қауіпсіз, сенімді және тиімді теңіз тасымалын қамтамасыз ету үшін ұлттық теңіз сауда флоты мен сервистік флотты одан әрі дамыту.

ПАЙЫМДАУЫ:

ҚТКФ – бүгінде жоғары тиімді, бәсекеге қабілетті, кеме қауіпсіздігінің неғұрлым жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетін, халықаралық біріктірілген кеме компаниясы деп танылды.

4. КОМПАНИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Наурыз

ҚМГ, ТШО және ҚТКФ арасында жүргізілген келіссөз нәтижелері бойынша ҚТКФ компаниясына Каспий арқылы модульдерді тасымалдау (Құрық-Прорва) бойынша ТШО БКЖ шеңберінде орындалатын жұмыстардың бір бөлігін беру туралы шешім қабылданды.

Сәуір

ҚТКФ компаниясы «Орыс тіркелімі» сертификаттау органында Қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесін сыртқы сертификаттау аудитінен ойдағыдай өтті.

Маусым

ҚТКФ компаниясы Халықаралық қауіпсіздікті басқару кодексінің (бұдан әрі – ХҚБК) талаптарына сәйкес болуын жал сайын куәландырудан ойдағыдай өтті.

Шілде

ҚТКФ ТШО БКЖ шеңберінде жасасқан шарттарға қол қойды.

Консорциум (ҚТКФ/ BWS) және ТШО арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан шарт.

ҚТКФ және Вард арасында үш кемең кеме жасауына жасасқан шарт.

ҚТКФ және Топаз арасында кемелердің кеме жасауына қадағалау жүргізуге жасасқан шарт.

Қыркүйек

Вард кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінде модульді құбыр эстакадаларын ТШО БКЖ шеңберінде тасымалдау үшін көзделген үш мамандандырылған кемең кеме жасауы басталды.

Қазан

ҚТКФ Ю.Корчагин атындағы Ресей кен орнынан мұнай тасымалдауды бастады.

Қашаған кен орнынан алғашқы мұнай тиелімі жүргізілді. Қара теңізде ҚТК терминалында ҚТКФ ірі көлемді «Алтай» танкеріне Қашаған кен орнынан бірінші мұнай топтамасының тиелімі жүзеге асырылды.

Желтоқсан

ҚТКФ компаниясы ҚР Үкіметі және Иран арасында Каспий теңізінде сауда мақсатында теңіз кеме қатынасы саласында жасасқан Ынтымақтастық туралы келісімді келісуге және оған қол қоюға қатысты.

5. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Компания қызметінің түрлері:

- жүктердің бүкіл түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін, басты жүктерді, контейнерлерді тасымалдау;
- кемелердің бүкіл түрлерінің, баржалардың, жүзетін доктардың және осы секілдінің, олардың қозғалтқыштары мен бөлшектерінің, қосалқы құрылғыларының және бөлшектерімен қоса жабдықтарының құрылысын салу, пайдалану, жөндеу, сатып алу, делдалдық қызметтерді ұсыну;
- кемелерді жалға беру (кемені жалдау, соның ішінде кемені экипажсыз жалдау), сондай-ақ кеме лизингі;
- бүкіл қойма, сақтау орындары, тоңазытқыш қондырғылары, ангарлар, жағалаулық тиеу-түсіру және басқадай жабдық түрлерінің құрылысын салу, пайдалану және сатып алу;
- отынның бүкіл түрлерін, майлау майларын, көмірді, газолинді және басқадай отын мен материал түрлерін сатып алу, сату;
- кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің құрылысы (кеме жасау және кеме жөндеу базалары), кеме жасау және кемелерді жөндеу;
- сүйрету жұмыстары;
- теңіз агентінің қызметтері;
- теңіз брокерінің қызметтері;
- стивидорлық және экспедиторлық қызметтер;
- кедендік, салық заңнамасы, теңіз тасымалы бойынша сараптама-импорттық операциялар бойынша кәсіби консалтинг;
- кеме жасау, кеме жөндеу базасының, кеме жасау және кеме жөндеу өндірісінің, жағалаулық құрылыстардың құрылысын салу жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу;
- кәсіби мамандарды және т.б. даярлау;

- меншіктену құқығымен ҚТКФ тиісті болатын жылжымайтын мүлік объектілерінде кеңсе орын-жайларын жалдау бойынша қызметтер;
- заңнамалық актілермен тыйым салынбаған, ҚТКФ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін, ҚТКФ Жарғысымен көзделген өзге қызмет түрлерін жүзеге асыру.

6. ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасы теңіз сауда флотының жұмысы елеулі деңгейде бүкіл тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара қатынастарын, сондай-ақ сауда мақсатында теңізде жүзу саласында халықаралық ынтымақтастықты реттейтін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға және оның үйлесімді болуына байланысты болды.

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекетаралық шарттар мен келісімдерді, Қазақстан біріккен ІМО (Халықаралық теңіз ұйымы) Халықаралық конвенцияларын басшылыққа алды, атап айтқанда:

- 1) Халықаралық Теңіз Ұйымы туралы конвенция, 1948 жыл;
- 2) Жүк маркасы туралы халықаралық конвенция, 1966 жыл;
- 3) Кемелерді өлшеу жөніндегі халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 4) Теңізде кеме қақтығысынан сақтандыратын халықаралық ережелер туралы конвенция, 1972 жыл;
- 5) Кемелерден ластануды болдыртпау жөніндегі халықаралық конвенция, 1973 жыл;
- 6) Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция, 1974 жыл;
- 7) Теңізшілерді даярлау, оларға диплом беру және вахта жүргізу туралы халықаралық конвенция, 1978 жыл;
- 8) Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенция, 1972 жыл;
- 9) Мұнайдан ластанумен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы халықаралық конвенция, 1969 жыл;
- 10) Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге қарсы күрес жүргізу туралы конвенция, 1988 жыл;
- 11) Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенция (Тегеран, 2003 жылғы 3 қараша) – ратификацияланды;
- 12) «Жүктерді теңіз арқылы тасымалдау туралы» БҰҰ конвенциясы (1978 жылғы Гамбург ережесі) – ратификацияланды;
- 13) Халықаралық еңбек ұйымының №185 теңізшілердің жеке куәлігі туралы конвенциясы – ратификацияланды.
- 14) РФ Үкіметі және ҚР арасында теңіз көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Новосибирск қаласы, 2007 жылғы 4 қазан) – ратификацияланды;
- 15) Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы арасында Қазақстан Республикасы және Әзірбайжан Республикасы аумағынан Каспий теңізі арқылы мұнайды халықаралық нарыққа Баку-Тбилиси-Джейхан жүйесі арқылы тасымалдауға ықпалдасу және қолдау көрсету шарты (Алматы, 2006 жылғы 16 маусым);

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында сауда мақсатында теңізде жүзу кеме қатынасы саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Алматы қаласы, 2011 жылғы 20 қазан);

17) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрікменстан Үкіметі арасында теңіз көлігі саласындағы Ынтымақтастық келісімі (Астана қаласы, 2014 жылғы 29 қараша);

18) ҚР Үкіметі және Ислам Республикасы Иран Үкіметі (бұдан әрі ИРИ) арасында Каспий теңізінде сауда мақсатында теңізде жүзу кеме қатынасының Ынтымақтастық келісімі.

Орта мерзімді перспективада теңізде жүзу қауіпсіздігін, кемелердегі теңізшілердің әлеуметтік мәселелерін, табиғатты қорғау іс-шараларын және басқасын реттейтін бірқатар нормативтік актілерді әзірлеу міндеті белгіленіп отыр.

7. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

7.1. Даму стратегиясы

Қадағалау кеңесінің 2014 жылғы 25 қыркүйектегі хаттамалық шешімімен бекітілген «Қазақтеңізкөлікфлоты» Стратегиясы оны тұрақты әрі сапалы дамытуға бағытталды.

ҚТКФ негізгі стратегиялық мақсаттарының бірі Жалғыз қатысушының талаптарын қанағаттандыратын көрсеткіш ретінде компания құнын барынша көбейту болып табылады.

Осы ретте, біз өзімізді ұлттық теңіз операторы ретінде мынадай тиімді қызметтердің жеткізушісі ретінде бағалаймыз:

1. мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау;
2. мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау;
3. теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну;
4. жүктердің бүкіл түрлерін қауіпті жүктерді қоса алғанда, паром арқылы тасымалдау.

Каспий теңізінде және ашық теңізде ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде ҚТКФ одан әрі дамуының оңтайлы факторларының бірі мыналар болып табылады:

- Қашаған кен орнынан мұнайды өндіруді қолға алу;
- Иранға қатысты халықаралық санкциялардың күшін жою;
- Қазақстаннан халықаралық нарыққа, соның ішінде теңіз көлігі арқылы мұнай тасымалдау көлемдерін өсіру;

• жеке инфрақұрылымға ие болу: Каспийде Ақтау порты, Мидия портында мұнай терминалы және Қара теңізде Батуми порты, Румынияда МӨЗ; ҚМГ Трейдинг АГ қазақстандық шикі мұнайдың экспорты жөніндегі ұлттық оператордың болуы: қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа «өндіру сәтінен түпкілікті тұтынушыға дейін» тасымалдауды ұйымдастыру;

- ҚТКФ ТШО БКЖ қатысуы;

- әрекет үстіндегі теңіз мұнай жобалары бойынша жұмыстарды орта және ұзақ мерзімді перспективада ұлғайту сервистік флот кемелерінің елеулі санына ие болуды қажет етеді;

- Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерінің негізгі ауыстырып тиеу базасы ретінде лайықты (экспорттық және транзиттік әлеуеті) орны;

- бірыңғай қазақстандық көліктік-логистикалық жүйені құру, оның міндеттерінің бірі жер бетіндегі көлік пен теңіз көлігін біріктіру және жүкжөнелтушілер үшін кешенді қызметтерді «бір терезе» және «бір келісім шарт» қағидатымен ұсыну болып табылады.

7.2. Компания қызметінің басым бағыттары ретінде мыналар болып табылады:

1) мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау

Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау секторында ҚТКФ стратегиясы Каспийде танкерлік флоттың жетекші операторларының бірі ретінде өз лайықты орнын қазақстандық мұнай жүктерінің экспорттық ағынын Ақтау порты арқылы тасымалдау үлесін 100 %-ға дейін арттыру арқылы бекемдеуге және қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді қамтамасыз етуге, мұнай жүктерін тасымалдау бойынша қызметтерді ұсынудан таза кірістерді ұлғайтуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- Иран бағытында своп-операцияларды бастау;
- ҚМГ және ҚР Үкіметінің қолдауымен Оңтүстік маршрутты (Ақтау-Баку-Батуми) сақтап қалу және оны дамыту үшін бар күшін салу (Каспий теңізі арқылы мұнай жүктерін тасымалдау кезінде ҚТКФ флотын және Батуми портын тарту);
- мұнайды өндіру мен бөлудің болжамды теңгеріміне сәйкес Каспийдегі меншікті флотты пайдалануды қажеттігіне қарай оңтайландыру, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған мұнай құю танкерлерін қайта бағдарлау мүмкіндігін пысықтау;
- ірі жүкжөнелтушілердің (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болуы үшін мұнайды тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін инновациялық технологияларды қолдану, заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық пен әлеуметтік саясатты жүргізу есебінен арттыру;
- бизнес-бағытты дамыту үшін, соның ішінде интергациялық процестер жағдайында оңтайлы жағдайларды қалыптастыру мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында ҚР сияқты Еуразиялық экономикалық аймағының (бұдан әрі БЭЖ) заңнамаларын жетілдіруге қатысу.

2) ашық теңізде мұнай жүктерін тасымалдау

Мұнай жүктерін ашық теңізде тасымалдау секторында ұлттық теңіз тасымалдаушысы ретінде ҚТКФ стратегиясы трансқаратеңіз өңірінде өз лайықты орнын бекемдеуге және меншікті ірі салмақты флот қуатын өсіру, қазақстандық мұнай жүктерін ашық теңізде қауіпсіз, сенімді және экономикалық тұрғыдан тиімді қызметтерді ұсыну арқылы тасымалдаудың жалпы көлеміне қатысуда жеке үлесін арттыруға, қазақстандық көмірсутекті шикізатты экспортқа шығарудан қосымша кірістерді алуға бағытталмақ.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қазақстандық мұнайды әлемдік нарыққа тасымалдауды ұйымдастыру және «барлау – өндіру – тасымалдау – қайта өңдеу – жеткізу» ҚМГ көліктік дәлізіне толықтай қолжетімді болу арқылы «ҚазМұнайГаз» Компаниялар тобы үшін синергияға қатысу;
- қазақстандық мұнай экспортының өзгерістеріне және нарықтық конъюктураға тәуелді болмау мақсатында тысқары мұнай компанияларының жүктерін тасымалдауға қатысу және рентабельділікті қамтамасыз ету жағдайында тысқары мұнай компанияларының көлемдерін тасымалдау үшін ірі көлемді танкерлердің кеме жасауын/оларды сатып алуды жүзеге асыру;
- қазақстандық мұнайды экспортқа шығаруға жеткілікті көлемдер, кемелерге және жүктерді ұзақ мерзімді перспективада тасымалдауға сұраныс болған жағдайда ҚМГ Компаниялары тобы сияқты Қазақстаннан экспортқа шығарылатын басқадай жер пайдаланушыларының бақылауында болатын мұнай мен мұнай өнімдерінің көлемдерін тасымалдау үшін кепілді көлемдерге ірі көлемді танкерлердің және азық-түлік өнімдерін таситын танкерлердің кеме жасауын/оларды сатып алуды жүзеге асыру;
- халықаралық мұнай компанияларының (oil majors approvals) жоғары халықаралық талаптарына сәйкес болуы үшін мұнай тасымалдау бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін заманауи техникалық шешімдерді қолданысқа енгізу және жауапты кадрлық және әлеуметтік саясатты жүргізу арқылы арттыру;
- ҚТКФ компаниясының мұнай/мұнай өнімдерін ашық теңізде тасымалдау бойынша жобаларға қатысуы мақсатында тәжірибелі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестестік құру;
- қазақстандық туды көтеріп жүзетін кемелердің ашық теңізге шығу мүмкіндігіне ие болуы мақсатында теңіз көлігі арқылы тасымалдау саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу.

3) Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері

Теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсету жөніндегі флот қызметтері секторында ҚТКФ Стратегиясы Каспий теңізінің қазақстандық секторында (бұдан әрі – КТҚС) кен орындарын игеру шеңберінде ұсынылатын бәсекеге қабілетті қызметтер аясын кеңейтуге және оның үлесін ұлғайтуға бағытталып отыр.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- қызметтерді сенімді және сапалы ұсынадан нарықтағы жеке үлесін және жиынтық табысты ұлғайту мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;
- оффшорлық жобаларға қызмет көрсету бойынша флот қызметтерінің нарықтағы үлесін жеке флот қуатын өсіру есебінен арттыру;
- мамандандырылған сервистік флот кемелеріне жеткілікті сұраныс болған, сондай-ақ осы қызмет бағытының рентабельділігі расталған жағдайда олардың кеме жасауын/ сатып алынуын жүзеге асыру;
- Теңіз мұнай операцияларын қолдау флотын (бұдан әрі – ТМОҚФ) бәсекеге қабілеттігін арттыру және КТҚС мұнай-газ жобаларының операторлары үшін қызметтерді ұсыну үшін дамыту;
- ҚМГ қолдауына ие бола отырып, қызметтер тұтынушыларының саны сияқты құрамына қойылатын талаптарға сәйкес болатын кеме түрлерін уақтылы қатарға қосып, пайдалануға беру мақсатында ТМОҚФ және сервистік флотты дамыту бағдарламасын үйлестіру;
- ТМОҚФ ұсынатын қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мақсатында ҚТКФ флотын OVID (OCIMF – Oil Companies International Marine Forum) халықаралық стандарттары бойынша сертификаттау жөніндегі бірқатар іс-шараларды өткізу;
- КТҚС теңіз мұнай кен орындарына қызмет көрсету бойынша жобаларда өзінің лайықты орнын күшейту;
- әрекет үстіндегі КТҚС теңіз мұнай жобалары бойынша теңіз мұнай жобаларына қызмет көрсететін Бірыңғай теңіз операторы мәртебесіне ие болу бағытында жұмыстану және КТҚС жаңа жобаларға қызмет көрсету жөніндегі оператор құқығына ие болу;
- КТҚС теңіз көлігі қызметтерін ұсыну саласында ҚР заңнамасын жетілдіруге және реттеуге қатысу;
- мұнай теңіз жобаларына қызмет көрсету бойынша флот қызметтерін ұсыну саласында бірлескен қызметті жүзеге асыру үшін ірі халықаралық компаниямен стратегиялық серіктестікті инновациялық технологиялар мен дистрибуторлық арналарды қолдану есебімен құру.

4) Бүкіл жүк түрлерінің паромдық тасымалы

Паромдық тасымалды жүзеге асыру секторындағы стратегия мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында ҚТКФ тұрақтылығын қамтамасыз ететін ҚТКФ қызмет түрлерін әртараптандыруға, жаңа кірістерді құруға бағытталып отыр.

ҚТКФ өз алдына белгіленген мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін мына іс-шараларды жоспарлы жүзеге асыруға ниет білдірді:

- Жалғыз қатысушының және ҚР Үкіметінің қолдау көрсетуімен жеке қазақстандық флотты құру және оның паромдық тасымал нарығына шығуына бар күшін салу;

- осы қызмет бағыты рентабельді болған жағдайда тасымалдау көлемдерінің болуы кепілдігімен паромдық кемелердің кеме жасауын/сатып алынуын жүзеге асыру;
- паромдық тасымалдау лайықты орнын бекемдеу, өйткені осы қызмет түрі теріс әсерін тигізетін мұнай нарығы конъюктурасының өзгерген жағдайында тұрақтылық қорын қамтамасыз етеді;
- қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру жағдайында ұсынылатын қызметтердің халықаралық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келуі;
- қауіпті жүктерді қоса алғанда, бүкіл жүк түрлерін паромдық өткелдер арқылы тасымалдау құқығына артықшылықпен ие болуды қамтамасыз ету үшін Ұлттық тасымалдаушы мәртебесіне ие болу;
- аралас тасымал және жүктер транзитінің операторы ретінде ҚР аумағы арқылы мультимодалдық тасымалға қатысу;
- интермодалдық тасымалдың бір бөлігі ретінде паромдық қатынасты ұйымдастыру;
- ашық теңіздердегі бассейндерге шыға отырып, паромдық қатынасты интермодалдық тасымалдың бір бөлігі ретінде ұйымдастыру.

8. КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

1) «ТШО БКЖ үшін каспий жіктеліміндегі сүйреткіштер мен баржалардың кеме жасауы» жобасы іске асырылды.

Мынадай корпоративтік шешімдер қабылданды:

- ҚТКФ Инвестициялық комитетінің (бұдан әрі – ИК) 20.05.2016 жылғы № 01/ИК/2016 шешімі, ҚМГ ИК 17.06.2016 жылғы №10-16 шешімі, ҚМГ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – ДК) 30.06.2016 жылғы №09/2016 шешімі.

Мына шарттарға Тараптар қол қойды:

- Консорциум (ҚТКФ/ BWS) және ТШО арасында мердігерлік қызмет көрсетуге жасасқан шарт;
- ҚТКФ және Варда арасында үш кемеңің кеме жасауына жасасқан шарт;
- ҚТКФ және Топаз арасында кемелердің кеме жасауына қадағалау жүргізуге жасасқан шарт;

2) «ТШО БКЖ үшін 6 сүйреткіштің кеме жасауы» жобасына бастамашылық танытылды.

Мынадай корпоративтік шешімдер қабылданды:

- ҚТКФ ИК 20.12.2016 жылғы №2/ИК/2016 шешімі, ҚМГ ИК 11.01.2017 жылғы №1-17 шешімі.

9. КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

9.1. Өндірістік бағдарламаның орындалуы

№1 кесте

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Нақты 2013	Нақты 2014	Нақты 2015	Жоспар 2016	Нақты 2016	Жыл бойынша өсу қарқындылығы		
								7(%)=5/4	8(%)=7/6	9(%)=7/5
A	1	2	3	4	5	6	7			

1	Барлығы мұнай тасымалдау, соның ішінде	мың тонна	8 879	9 606	7 033	7 343	7 082	73%	96%	101%
1.1	<i>Ақтау-Махачкала бағыты бойынша</i>	мың тонна	2 779	2 677	1 115	1752	1611	43%	92%	144%
1.2	<i>Ақтау-Баку бағыты бойынша</i>	мың тонна	2 335	1 919	915	484	33	48%	7%	4%
1.3	<i>Қара теңіз бағытында</i>	мың тонна	1 882	3 394	2 175	2 880	2 968	64%	103%	136%
1.4	<i>Жерорта теңізі бағыты бойынша</i>	мың тонна	1 883	1 546	2 133	1 440	1 238	138%	86%	58%
2	<i>Түрікменбашы-Баку/Махачкала бағыты бойынша</i>	мың тонна		70	694	787	1 072	991%	136%	154%
3	<i>«Юрий Корчагин» - Баку</i>	мың тонна	0	0	0	0	159	0%	0%	0%
4	Экспедиторлық қызметтер	мың тонна	2 465	2 488	1 349	0	0	54%	0%	0

9.1.1. Мұнай жүктерін Каспий теңізі арқылы тасымалдау

Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдау

Каспий өңірінде «Қазақтеңізкөлікфлоты» тасымалдаған мұнай 2 875 мың тонна немесе ол жалға алынған флот бірліктерін есепке ала отырып, мұнай жүктерінің жоспарлы көрсеткішіне қатысты 95 % (3 023 мың тонна) құрады, оның ішінде Түрікменстан порттарынан 1 072 мың тонна, Ақтау портынан 1 643 мың тонна, сондай-ақ 2016 жылғы ІҮ-тоқсанның бастапқы айларында «Юрий Корчагин – Баку» маршруты бойынша меншікті флотпен 159 мың тонна мұнай тасымалданды.

Мұнайды Ақтау портынан тасымалдау

2016 жылы ҚТКФ танкерлері мына желілерде пайдаланылды:

- «Ақтау-Махачкала» - Belvion Group Ltd көлемдері тасымалданды;
- «Түрікменстан – Баку/Махачкала порттары»;
- «Юрий Корчагин – Баку».

2016 жылғы қорытындылар бойынша Ақтау портынан мұнай мен мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу 2 277 мың тонна құрады. 2016 жылы Ақтау портынан мұнай мен мұнай өнімдері тиелімін жүргізу дәстүрлі жолмен Каспий маңы елдерінің екі порты: Махачкала порты (2 200 мың тонна) және Баку порты (0,77 мың тонна) бағытында жүргізілді.

Ақтау портына ауыстырып тиелген көлемдерде ҚТКФ тасымалдау үлесі: **2 277 мың тонна мұнайдың 12 643 мың тоннасын (72 %) құрады.**

Ақтау портынан негізгі мұнай тасымалдаушылары ретінде мына 3 (үш) компания болды: **Belvion Group Ltd, Oil Trade Stream және БатысНефтеТрейд.**

Осы компаниялар жеткізілімдерінің жиынтық көлемі осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2015 жылы 1,2 млн тоннаға азайды.

Мұнай тасымалдау. Ақтау порты – Баку порты

Есеп беру жылында тасымалданған мұнай көлемі 0,77 мың тонна құрады және жалға алынған флот бірліктері есебінен жүзеге асырылды.

Мұнай тасымалдау. Ақтау порты – Махачкала порты

Ақтау портынан Махачкала порты бағытында 2 200 мың тонна мұнай ауыстырып тиелді, оның 1 611 мың тоннасы (73,2 %) ҚТКФ күшімен тасымалданды. Осы маршрут бойынша жоспарлы көрсеткішті (1 752 мың тонна) орындау барлығы 53 % құрады. ҚТКФ I-тоқсан бойынша осы желіде жоспарлы 3 (үш) танкердің орнына бар болғаны 1 (бір) - «Алматы» танкерін пайдаланды. Қалған 2 (екі) танкер Түрікменстан-Баку/Махачкала желісі тарифтерінің ұтымды болуына байланысты осы желіге тартылды.

ҚТКФ алдыңғы жылғы сәуірден қазанға дейін тасымалды 100 %-ға қамтамасыз етті, қазіргі таңда ҚТКФ осы желіде 1 танкерді пайдалануда, қалған танкерлер Ю.Корчагин-Баку желісіне қайта бағдарланды.

Жоспар көрсеткіштерінің орындалмауы Ақтау портында мұнай жеткізілімін жүргізу көлемдерінің төмендеуінен болды.

2016 жылы Махачкала портында шөгу деңгейі 2015 жылғы – 5,5 метр деңгейінде қалды, бұл танкерлердің тиелім қуатын барынша қолдану мүмкіндігін бермеді. Демек, 5,5 метр шөгу деңгейінде «Атырау» үлгісіндегі танкерлерге барлығы 8 800 тонна және «Астана» үлгісіндегі танкерлерге 8 200 мың тонна мұнай құйылды.

Шөгу деңгейінің шектеулері маршрут экономикасына теріс әсерін тигізді. ҚТКФ соңғы 3-4 жылдарда ресейлік порт акваториясында тереңдету жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы мәселені ҚР және РФ арасындағы Үкіметаралық комиссияның қарауына бірнеше мәрте шығарды. Қазіргі таңда осы мәселе әлде де ашық қалуда.

Ақтау портынан мұнайды тасымалдауға тартылған танкерлер

2016 жылы Ақтау портынан мұнай тасымалдауға ҚТКФ, КАСПАР, Мобилекс, ФВ Танкер Лтд, Прайм Шиппинг, Монолит және MRP Tanker LLC тартылды.

Оның ішінде пайыздық мәніндегі үлесі:

- ҚТКФ – 60 %
- КАСПАР – 5 %
- Мобилекс – 13 %
- ВФ Танкер Лтд – 1 %
- Прайм Шиппинг – 18 %
- MRP Tanker LLC – 3 %

- Trans-Flot Co Ltd - 0 % шақ келді.

Әрбір ҚТКФ танкерімен тасымалданған және жасалған рейстер:

Түрікменстан порттарынан тасымалдау

ҚТКФ Түрікменстан порттарынан 1 072 мың тонна, оның ішінде Аладжа-Махачкала маршруты бойынша 19 мың тонна, Аладжа-Баку маршруты бойынша – 1061 мың тонна мұнай тасымалдады. Тасымалдау ҚТКФ меншігіндегі танкерлермен жүзеге асырылды. Шөгу деңгейіне шектеу қою салдарынан өту арнасында және Аладжа портының айлақ қабырғасында танкерлерге шектеулі 5,2 шөгу деңгейінде мұнай құйылды.

«Юрий Корчагин» теңіз мұнай тиеу кешенінен мұнай тасымалдау

2016 жылғы қазанда тарих бетінде алғаш рет меншік иесі «Лукойл-Нижевожскнефть» АҚҚ компаниясы болып табылатын «Юрий Корчагин» теңіз тиелім кешенінен ҚТКФ меншікті флот бірлігімен «Юрий Корчагин» - Баку» маршруты бойынша мұнай тасымалданды.

Теңіз тиелім кешені (ТТК) Ю.Корчагин атындағы теңіз мұнайгазконденсатты кен орнынан шикі мұнайды қабылдап алу, сақтауға алу және танкерлерге тиеу үшін көзделді. ТТК «Юрий Корчагин» жүзбелі мұнай сақтау қоймаларынан құралды.

Есеп беру жылында жалпы тасымалдау көлемі 159 мың тонна құрады.

Каспийде жалға алу мөлшерлемесін азайту

2016 жылы Каспийде мұнай жүктерін тасымалдау құны жүккөтерімдіктің асыра болуы себептен төмендеді. Мөлшерлеменің төмендеуі мұнай мен мұнай өнімдерін теңіз арқылы Каспий порттары арасында, сондай-ақ Каспий теңізінен Волго-Донск кеме арнасы (ВДКА) арқылы тасымалдау көлемдерінің азаюы салдарынан болды.

Танкелерді доққа қою

ҚТКФ 2006 жылы Астрахань қаласында жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты 1 танкерді («Ақтау ТК») коммерциялық пайдаланудан шығарды.

Пайдаланудан:

- «Ақтау ТК» танкері – 2016 жылғы 11 мамырдан 12 шілдеге дейін шығарылды.

Мұнайды ашық теңізде тасымалдау

Мұнайды Қара теңіз бен Жерорта теңізі порттарының бағытында тасымалдаудың 12 ай қорытындылары бойынша өндірістік көрсеткіштердің орындалуы 4 206 мың тонна немесе жоспарлы көрсекішке қатысты 97 % (4 320 мың тонна) құрады.

2 952 мың тонна жалпы көлемнен меншікті флотпен және жалға алынған кемелермен 1,281 мың тонна мұнай тасып шығарылды.

Порттар бағытында:

- Қара теңіз порттарына 2 968 мың тонна;
- Жерорта теңізінің порттарына 1 238 мың тонна мұнай тасымалданды.

Қара теңізде жүзеге асырылған жөнелтімдер бойынша жоспардың орындалмауы 2 968 мың тонна мұнайды немесе 103 % құраса, Жерорта теңізі бағытында жоспардың орындалуы 1 234 мың тонна немесе 86 % болды.

Тасымал көлемдері бойынша жоспардың орындалмауы біріншіден, форс-мажор жағдаяттарынан болды (22 тамызда Петромидийде болған жарылыс адамдардың өліміне әкеліп соқтырды) және жүк тиелген «Алатау» кемесі Мидии рейдінде тамыз айының 24-інен қазан айының 05-іне дейін бос тұрып қалды.

Жалға алушылар жалға алу нарығы деңгейінің төмендеуін ескере отырып, мұнайдың жеткізілімін жүргізу күніне мұнайдың сату бағасын өсірді, осы орайда «delivery window» күту уақыты күрт өсті (мұнай бағасындағы айырмашылық демередж құнын толтырмады).

Қыркүйек айының 4-інен 26-ына дейін (22 тәулік) «Алтай» Жерорта теңізінде жүктерді Триесте түсіру үшін, «Алатау» қараша/желтоқсанда жүктерді Алиагада түсіру үшін 15 тәулік, «Алатау» мамырда жүктерді 7 тәулік Бургаста және тамызда жүктерді Аугусте түсіру үшін 8 тәулік тұрып қалды.

Сондай-ақ, ауа-райының қолайсыз жағдайлары және осымен байланысты түрік бұғазынан өту жағдайында кідіріп қалу («Алатау» ақпаннан наурызға дейін 8 және 7 тәулік) теріс әсерін тигізді.

Болашақ кеңейту жобасы

2016 жылғы 28 шілдеде тиісінше ТШО БКЖ шеңберінде жасасқан бүкіл шарттарға тараптар қол қойды.

2016 жылғы 06 қыркүйекте Браил қаласында (Румыния) Вард кеме жасау және кеме жөндеу зауытында ТШО шеңберінде кіші көлемді модульдерді тасымалдау үшін мамандандырылған үш кемең кеме жасауы басталды.

Кемелердің кеме жасауы ТШО тапсырысы бойынша ТШО және ҚТКФ мен BWS құрамындағы консорциум арасында жасасқан шарт бойынша жүзеге асырылмақ. Кемелерді тапсыру мерзімі – 2017 жылғы III-тоқсаннан 2018 жылғы I-тоқсанға дейін.

Осы кемелердің кеме жасауы ТШО жаңа келешек зауытының құрылысы үшін Құрық портынан Прорва аймағындағы (Каспий теңізі қазақстандық секторының Солтүстік бөлігі) жаңа портқа дейін шамамен 75 кіші көлемді модульді тасымалдау бойынша жобаның бір бөлігі болып табылады.

Кеме жасауға жасасқан шарттарға сәйкес 3 кемең кеме жасауы үшін белгіленген жалпы соманың 50%-ы және Топаз тарапынан кеме жасауды қадағалау үшін белгіленген жалпы соманың 50 %-ы төленді.

Сервистік флот қызметтері

Есеп беру жылында мына жұмыстар орындалды:

ENKA Insaat Ve Sanayi (бұдан әрі – ЕНКА):

- ҚТКФ мамыр айының үшінші онкүндігінде «Баутин-Қашаған к/о» маршруты бойынша тас түрлерін тасымалдауды аяқтады. Тасымалданған тас түрлерінің көлемі 33 мың тонна құрады.
- «Орал ТС» сүйреткіші ЕНКА компаниясына тайм-чартерге берілді.

«Сага Терминал Логистикс» ЖШС:

Ақтау портында құрғақ жүктерді таситын «Св.Георгий Победоносец» кемесіне агенттік қызметтерді ұсынуға жасасқан шарттық міндеттемелер толықтай орындалды.

Құрғақ жүктерді таситын «Раша-1» кемесі:

Сәуір айының ортасында Ақтау портында рейдте болған құрғақ жүктерді таситын ирандық «Раша-1» кемесі қайырға тұрып қалды. ҚТКФ сәуір айында кеме иесімен кемедегі жүктерді түсіруге шарт жасасты. Аталмыш жобаға «Есіл» т/с және «ҚМГ-101» баржасы тартылды.

ADO-G:

Баку порты – Ақтау порты маршруты бойынша кіші көлемді жүктерді тасымалдауға шарт жасасты, осы шартқа сәйкес ҚТКФ сүйреткіштері мен баржалары тартылды.

Van Oord:

Наурыз айының ортасында «Каспиан Дреджинг энд Марин Контракторс» (Ван Оорд) ЖШС үшін «Ертіс» кемесімен «КСОІ базасы - Қашаған к/о» маршруты бойынша сүйрету жұмыстары орындалды.

ERSAI:

Тамыз айында «Баутин порты – Қашаған к/о – ЕРСАЙ базасы» маршруты бойынша теңіз операциялары үшін ҚМГ-101 баржасын бербоут-чартерге шығаруға жасақан шартқа тараптар қол қойды.

«Волго-Балтик Логистикс» АҚБ:

Мамыр айында ҚМГ-107 және ҚМГ-108 баржалары Астрахань қаласына жұмылдырылды. ҚМГ-107 баржасы үшін төлемақы жүргізуге есеп шот берілді, екінші баржа тапсырысшы күшімен жұмылдырылды. 2016 жылғы 30 қыркүйекте ҚМГ-108 рейсті аяқтап, Баутин поселкесінде тұраққа тұрды. «Волго-Балтик Логистикс» АҚБ осы кемелерді 2017 жылы жалға алуды жоспарлайды. Орал

сүйреткіші қыркүйектің соңғы күні «Баку порты Астарахнь порты» маршруты бойынша рейске жіберілді.

GAP Insaat:

GAP Insaat компаниясымен жасасқан әрекет үстіндегі келісім шартқа сәйкес 4 баржа жалға беріліп, қазіргі уақытта Түрікменбашы портында пайдаланылуда.

2017 жылғы жоспарлар

Belvion Group – 1 752 мың тонна (Ақтау-Махачкала).

Түрікменстан порттарынан және «Юрий Корчагин» теңіз тиелім кешенінен бір жыл ішінде 5 (бес) танкерді пайдалану жоспарлануда.

Кемелердің бос тұрып қалуын болдырмау мақсатында ҚТКФ 2016 жылғы қыркүйекте мұнай тасымалдау үшін кемелерді Түрікменстан – Баку/Махачкала және «Юрий Корчагин» порттары желісінде 2017 жылдың аяғына дейін жалға алуға Кепілдік келісім шартын жасасты.

Ашық теңіз (Қара және Жерорта теңіздері): 4 320 мың тонна.

Басқадай жұмыстар:

Дамыту мәселелері шеңберіндегі жұмыстар:

- ҚТКФ Басшы және Басқарушы қызметкерлерінің 2016 жылға арналған Уәждемелі НҚК карталары әзірленіп, бекітілді (корпоративтік НҚК – БД НҚК, функционалдық НҚК);
- ҚТКФ Басшы және Басқарушы қызметкерлерінің 2015 жылғы Уәждемелі НҚК карталары бойынша нақты мәндерді және қорытынды нәтижелілікті бекіту;
- Жалғыз қатысушының, мемлекеттік, уәкілетті органдардың қатысуымен Ұлттық кәсіпкерлер палатасында, KAZLOGISTICS көлік одағында өткізілетін алқалы жиыналыстарға, отырыстарға қатысу шеңберінде ҚТКФ анықтамалық-талдамалық және таныстыру материалдарын басшылыққа алу үшін әзірлеу.

Бірыңғай экономикалық одақ (БЭО), үкіметаралық комиссиялар шеңберіндегі жұмыстарға қатысу және салалық нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіру:

- Кемелердің ҚР, Беларусь Республикасы (бұдан әрі – БР) және Ресей Федерациясы (бұдан әрі – РФ) ішкі су жолдары бойынша жүзу тәртібі мен талаптарын айқындайтын Кеме қатынасы туралы келісім жобасы бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- «Үйлестірілген (келісілген) көлік саясатын іске асырудың негізгі бағыттары мен кезеңдері» құжатының жобасына ұсыныстарды беру;
- ЕЭК Су көлігі жөніндегі кіші комитетінің отырысына қатысу;

- Теңіз көлігі саласында ынтымақтастық мәселелері жөнінде ҚР және РФ, ҚР және ИИР, ҚР және Түрікменстан арасындағы Келісім шеңберіндегі жұмыстарға қатысу;
- ҚР және АР, ҚР және Румыния арасында ҰАК жұмысына қатысу;
- Ақтау портының қызметтерін табиғи монополиялар саласынан алып тастау мәселесі бойынша жұмыстарға, Ақтау порты қызметтерінің тарифтік бағаларын белгілеуге қатысу;
- Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығымен бірлесе жұмыс істеу, «KazEnergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешен кәсіпорындарының қауымдастығы» ЗТБ, Ұлттық кәсіпкерлер палатысының, KAZLOGISTICS көлік одағының жұмысына қатысу.

9.2. SWOT-ТАЛДАУ

Алдағы уақытта ҚТКФ стратегиялық дамуын және теңіз көлік қызметтерінің секторын айқындау үшін оның орта және ұзақ мерзімді келешегін есепке ала отырып, SWOT-талдау жүргізілді. Ол әлсіз тұстарды бәсеңдетуді және қатердің жағымсыз әсерін төмендетуді есепке ала отырып, басым тұстарды және қалыптасып отырған нарықтық мүмкіндіктерді барынша тиімді қолдану мүмкіндігін береді.

БАСЫМ ТҰСТАРЫ:

- вертикалды-біріктірілген мұнай-газ компаниясы ретінде Жалғыз қатысушы - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болуы;
- жоғары білікті ұлттық кадрлар құрамының болуы;
- клиент ретінде мұнай жобалары операторларының (Шеврон, Аджип, Шелл, Петронас) біліктілік талаптарына сай танылуы және сәйкес болуы;
- Кемелерді қауіпсіз басқару және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі Халықаралық кодекс (ХҚБЖ) талаптарына сәйкес келетін, Білікті қоғамның Сәйкес келу құжатымен (СКК) мақұлданып, танылған Қауіпсіздікті басқару жүйесінің болуы;
- жүзу құрамын үзбей оқыту, оларға тәлімгерлік тәжірибе беру, бағалау және біліктілігін арттыру бойынша шаралар жүйесін іске асыру, сондай-ақ теңіз мамандарының мәртебесін көтеру үшін кәсіби оқу орындарымен жұмысты жүзеге асыру есебінен кадрлық резервті кеңейту;
- ISO 9001 сапа менеджменті жүйесі, ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесі, OHSAS 18001 кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі саласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ҚТКФ бойынша сертификатталған Менеджментінің біріктірілген жүйесінің болуы.

ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ:

- Ақтау порты арқылы мұнай тасымалдау көлемдерінің елеулі төмендеуі;

- кеменің мемлекеттік тиесілігіне қарамастан Ақтау портында алымдар нормаларының ұлттық валютада белгіленуі;
- теңіз саласында тиісті деңгейде жетілдірілмеген мемлекеттік реттеу;
- инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық ресурстардың (жеке және сырттан тартылатын) жеткілікті көлемде болмауы;
- бизнес географиясын кеңейту және ҚТКФ флотын пайдалану мақсатында ҚТКФ кемелерінің РФ ішкі су жолдарынан бөгетсіз жүзіп өтуі;
- орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада КТҚС теңіз кен орындарын игеру бойынша көмекші флотты қажетсінуді айқындау үшін қажетті ҚМГ ЕТҰ синергиясының болмауы;
- займға алу лимиттерінің төмен мөлшері салдарынан займ капиталына қолжетімді болу шектеулері.

МҮМКІНДІКТЕРІ:

- КТҚС мұнай-газ секторын белсенді дамыту, ол флот қызметтерін қажетсінуді ұлғайтады;
- Ақтау портының қолданыстағы тарифтік саясатына алымдар мен тарифтерді өз мемлекетінің кемелері үшін - ұлттық валютада, шетелдік кемелер үшін - АҚШ долларында белгілеу бөлігінде өзгерістерді енгізу;
- Каспий маңы елдерінің мұнай көлемдерін тасымалдауға қатысу;
- іс-тәжірибемен және басқару технологияларымен алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін озат халықаралық вертикалды-біріктірілген кеме компанияларымен серіктестік қатынастарды дамыту;
- ҚТКФ қызметінің жаңа бағыттары үшін жоғары білікті әлемдік деңгейдегі мамандарды тарту.

ҚАТЕРЛЕРІ

- Мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдаудың балама түрлерін (мұнай құбырлары/т/жол) дамыту;
- Оңтүстік бағытта қалыптасқан маршрутты (Ақтау-Бку-Батуми) тоқтату;
- Ақтау порты арқылы мұнай тасымалына тартылған Қазақстан мұнай-көлік қуаттарының бос тұрып қалуы;
- әлемдік тауар нарығы, әсіресе мұнай нарығы конъюктурасының тұрақсыздығы, бұл Каспий теңізі арқылы тасымалдау қызметтерін қажетсінуді болжамдау мүмкіндігін қиындата түседі;
- білікті кадрлардың (техникалық мамандар) тұрақтамауы, бұл флотты пайдалану сапасы мен қауіпсіздігіне теріс әсерін тигізеді.

9.3. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің орындалуы

ҚТКФ 2016 жылғы кірістері

ҚТКФ 2016 жылғы кірістері 23 031 млн теңге, бұл жоспардың 92 %-ын құрады. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі бойынша кірістер 114 % құрады.

ҚТКФ 2016 жылғы негізгі қызметінен түскен кірістер 22 457 млн теңге құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштің 90 %-ын құрады. Көрсеткіштің төмендеуі өндірістік бағдарламаның орындалмауы, сондай-ақ Ашық теңізде жалға алудың нақты тарифтерінің төмендеуі салдарынан орын алды. Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңі бойынша кірістер 114 % құрады.

Есеп беру кезеңінде қаржыландырудан түскен кірістер 343 млн теңге немесе жоспарлы көрсеткіштің 1 136 %-ын құрады.

Ағымдағы жылғы есеп беру кезеңінде игерілмеген қызметтен түскен кірістер 230 млн теңге құрады.

ҚТКФ 2016 жылғы шығыстар

ҚТКФ бойынша 2016 жылғы шығыстар 22 536 млн теңге, бұл жоспарлы көрсеткіштің 95 %-ын құрады. Осыған ұқсас кезеңге қатысты шығыстар 122 % құрады.

ҚТКФ негізгі қызметі бойынша шығыстар 2016 жылы 17 716 млн теңге немесе жоспарлы көрсеткіштің 91%-ын (19 494 млн теңге) құрады. Көрсеткіштің төмендеуі сайып келгенде «Мұнайды тасымалдау» қызметі бойынша орын алды. Жоспардың орындалмауы өндірістік бағдарламаның барлығы 96%-ға орындалуы, отын бойынша шығыстарды үнемдеу, порттық алымдар мен Түрікменстан-Баку бағытында агенттік қызметтерді жүргізу себептен болды, өйткені жүкжөнелтуші осы бағытта шығыстарды өз мойнына алды. Осыған ұқсас кезеңге қатысты шығыстар 118 % құрады.

2016 жыл бойынша жалпы және әкімшілік шығыстар 2 515 млн теңге немесе 94%-ын құрады. Жоспарлы көрсеткіштің төмендеуі ҚМГ тапсырмасы бойынша шығыстарды оңтайландырудан болды.

Сатып өткізу бойынша шығыстар жоспарланған 27 млн теңге жағдайында 54 млн теңге немесе жоспардың 203 %-ын құрады. Жоспардан тыс шығыстар брокерлік комиссия бойынша шығыстардың болуынан, бұл жалға алу арқылы флот бірліктерін тартудан, сондай-ақ Ашық теңізде мұнай тасымалдау бойынша қызметтерді ұсыну бойынша меншікті флот (Алтай және Алатау) үшін клиенттерді іздеп табудан туындады.

Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда шығыстар 67% құрады.

Қаржы шығыстары 1 502 млн теңге немесе жоспардың 102 %-ын құрады.

Алдыңғы жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда шығыстар орташа валюталық бағамның өсуіне байланысты 127 % құрады.

Негізгі емес қызмет бойынша шығыстар 748 млн теңге құрады.

2016 жыл бойынша таза табыс 2 473 млн теңге немесе жоспардың 294 %-ын құрады.

Таза табыстың өсуіне бұдан бұрын есептеліп, төленуі кейінге қалдырылған КТС қайтарып беру оң әсерін тигізді. Инвестициялық пұрсаттылықтарға байланысты 2016 жылғы қаңтарда ҚР Салық кодексіне кемелер кірістерінің 0% мөлшерлемесімен КТС бойынша өзгерістер енгізілді, осы орайда төленуі кейінге қалдырылған салықтарға қатысты түзетулер енгізілді.

2016 жыл бойынша күрделі қаржы жұмсалымы 1 188 млн теңге немесе жоспардың 91%-ын құрады. Жоспар көрсеткіштерінің толықтай игерілмеуі «Аффрамекс» үлгісіндегі «Алатау» кемесіне күрделі жөндеу жүргізу орнына оны су асты куәландырудан болды. ҚМГ және ҚТКФ жедел мерзімсіз сатып алуларды қысқарту бойынша саясатына сәйкес әкімшілік сипатына ие күрделі қаржы жұмсалымы азайтылды.

10. САЛАНЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

- ҚТКФ даму стратегиясына сәйкес негізгі саланы дамыту перспективалары сыртқы және ішкі факторларды есепке ала отырып, бұрынғы деңгейінде:
 - Құйылмалы мұнай жүктерін Ақтау порты арқылы тасымалдау кезінде Оңтүстік (Транскаспий) маршрутын сақтап қалу;
 - Иран бағытында қалыптасқан своп-операцияларды қайта бастау;
 - ҚТКФ компаниясының ТШО БКЖ үшін жүктерді тасымалдауға қатысуы;
 - Әлемдік нарықта мұнай тасымалын ұйымдастыру арқылы ҚМГ компанияларының топтары үшін құрылған синергияға қатысу;
 - ҚТКФ бизнесінің географиясын кеңейту;
 - сенімді және сапалы ұсынылатын қызметтерден нарықтағы үлесін ұлғайту, жиынтық табыс көру мақсатында КТҚС оффшорлық жобалары үшін меншікті сервистік флотты (қамтамасыз ету кемелері, мұнайдың авариялық төгілуін жоятын (бұдан әрі – МАТЖ), авариялық-құтқару кемелері және т.б.) құру арқылы ұсынылатын қызметтер аясын кеңейту;
 - мұнай өнімдерін, астықты, халық тұтыну тауарларын, сондай-ақ түрлі үйілген жүктерді экспортқа және импортқа шығарудың қосымша мүмкіндіктерін беретін жаңа көліктік-логистикалық жүйені дамыту мақсатында паромдық тасымалды жүзеге асыру.

11. КОМПАНИЯ ТӘУЕКЕЛІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚТКФ бизнесінің бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз етудің тұрақты негізін құрайтын алғышарттардың бірі тәуекелді басқару саласында жүйелі әдістерді таңдау болып табылмақ.

Осы орайда компания бойынша қолданысқа енгізілген Тәуекелді басқару жүйесінің (бұдан әрі – ТБЖ) жұмысы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ ұсынымдарын орындау шеңберінде жүзеге асырылады, осыған сәйкес корпоративтік тәуекелді басқару жүйесін қолданысқа енгізу Тәуекелді басқару жүйесінің COSO (Тредвей комиссиясы демеушілік ұйымдары комитеті / The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission) тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылмақ.

ТБЖ қалыптасқан бүкіл тәуекелді жан жақты талдауды, оны сәйкестендіруді, оған баға беруді және оның бақылау тетіктерін әзірлеуді көздестіреді. Осы ретте қолданылатын жүйелі әдістер бүкіл тәуекел түрлерін барынша қамтуды көздестірмек.

Осының бәрі менеджмент тарапынан сияқты Жалғыз қатысушының тәуекелді басқару проблемаларына баса назар аударуына әкеліп соқтырды.

Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Жалғыз қатысушы үшін тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі тұрақты есептілік қоланысқа енгізілді. Жалғыз қатысушы тәуекел картасын, ҚТКФ тәуекелі жөніндегі есептемелерді және қаржы тұрақтылығы жөніндегі шолуды қосқанда тәуекел жағдайлары туралы ақпаратты мерзімді негізде алып отырды. ҚМГ компаниялары тобының көптеген қатысушылары үшін ортақ болып табылатын тәуекел бөлігінде оны бағалау және басқару тәртібі айқындалды. Сондай-ақ, Басқармаға елеулі тәуекел өзгерістері туралы деректер қажеттігіне қарай берілді.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу барысында оларды іске асыру туралы шешім қабылдау үшін ықтимал тәуекел талдамасының нақты-жоспары түзіп жасалды және тәуекелді мейлінше азайту жөніндегі іс-шаралар әзірленді.

Есеп беру кезеңі ішінде МБЖ және ТБЖ бойынша жылдық жоспар шеңберінде тәуекелді басқару рәсімдері мен әдістерін дамыту жүзеге асырылды, соның ішінде:

- ҚМГ компаниялары тобында негізгі тәуекел көрсеткіштерін есептеу әдіснамасын және тәуекелді басқару рәсімдері үйлестірілді;

- ҚМГ компаниялары тобының тәуекелі жөніндегі шоғырландырма есептілікті әзірлеу құрылымы және процесі жетілдірілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ қорғау арқылы сақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі Саясатының ережелеріне сәйкес ҚТКФ кемелерінің корпустары мен тетіктері Қорды КАПТИВ арқылы қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы бойынша сақтандырылды.

ҚТКФ тәуекелді анықтау әдістерін жетілдіру, оларды басқару, сондай-ақ оны бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы және кезектілікпен іске асыра отырып, тәуекелді басқару жүйесін одан әрі дамытуды жалғастырды.

2017 жылы тәуекелді басқару жүйесін дамыту шеңберінде (соның ішінде Жалғыз қатысушының жана тұрақты талаптарына және халықаралық стандарттарға сәйкес болуды қамтамасыз ету үшін) мына іс-шаралар жоспарланды:

- үздік тәжірибеге сәйкес келетін «тәуекел-тәбет» кешенді іс-шараларды кезең-кезеңмен іске асыруды жалғастыру;

- тәуекел мөлшерін бағалаудың заманауи әдістерін қолданысқа енгізу, оны жетілдіру және кеңінен пайдалану, қолданыстағы үлгілер мен әдістемелерді құру әдістерін және олардың бекітілуін жүйелендіру;

- ҚТКФ ТБЖ ішкі құжаттарын өзектендіру.

12. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

12.1. Басқару құрылымы

ҚТКФ Жарғысының 7-бабына сәйкес ҚТКФ мына органдары көздестірілді:

1. жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
2. қадағалау органы – Қадағалау кеңесі;
3. алқалы атқарушы орган – Басқарма;
4. бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Тексеруші).

ҚТКФ Жарғысының 1.3-тармағына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады.

Қадағалау кеңесі қадағалау органы ретінде ҚТКФ атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асырады және 3 (үш) мүше құрамында құрылады.

Қадағалау кеңесінің мүшелері Жалғыз қатысушымен 3 (үш) жылға сайланады. Қадағалау кеңесінің Төрағасын Жалғыз қатысушы Қадағалау кеңесіне сайланған мүшелер қатарынан тағайындайды.

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабының 4-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің мүшесі болып тек қана жеке тұлға сайланады. Ол серіктестіктің атқарушы органына бір мезгілде мүше болып сайлана алмайды.

Басқарма атқарушы орган ретінде ҚТКФ істерін жүргізеді және оның ағымдағы қызметіне басшылық етеді. Атқарушы орган Жалғыз қатысушы және Қадағалау кеңесі алдында есеп береді және Жалғыз қатысушының және Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарманы ҚТКФ Басқармасының төрағасы (Бас директор) басқарады.

Басқарма мүшесі өз міндеттерін орындау кезінде ҚТКФ мүдделігін таныта отырып, адал және парасатты әрекет етеді.

ҚТКФ мүшесі тек қана жеке тұлға бола алады.

Тексеру комиссиясы (тексеруші) бақылаушы орган ретінде ҚТКФ қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін бақылауды жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясы (Тексеруші) ҚТКФ жылдық қаржы есептілігін оны Жалғыз қатысушы міндетті түрде бекіткенге дейін тексереді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы/Директорлар кеңесі деңгейінде ҚТКФ қызметі жөнінде әртүрлі шешімдер қабылданды.

ҚМГ Басқармасының шешімдері

№7 Кесте

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№2/2016 7-тармақ	24.02.2017 ж.	ҚТКФ Басқармасы мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшені сайлау туралы
№2/2016 13-тармақ	24.02.2016 ж.	Бәсекеге қабілетті ортаға беруге ұсынылған ҚМГ ЕТҰ Тізбелерін бекіту
№9/2016 28-тармақ	30.06.2016 ж.	«ТШО БКЖ жобасы үшін Каспий жіктеліміндегі баржалардың кеме жасауы» инвестициялық жобасын келісу
№12/2016 12-тармақ	28.07.2016 ж.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тарапынан қаржы емес кепілдіктерді «Blue Water Shipping Kazakhstan» және «Blue Water Shipping Kazakhstan» пайдасына беру
№17/2016 25-тармақ	30.07.2015 ж.	ҚТКФ Қадағалау кеңесінің мүшелерін сайлау туралы

ҚМГ Басқармасының шешімдері:

№8 Кесте

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№3 3-тармақ	04.02.2016ж	ҚТКФ Басқармасының мүшелерін сайлау туралы
№3 5-тармақ	04.02.2016ж	ҚТКФ Қадағалау кеңесі туралы ереженің өзгерістерін бекіту туралы
№13 4-тармақ	12.04.2016ж.	ҚТКФ 2015 жылғы жеке және шоғырландырма қаржы есептіліктерін бекіту және ҚТКФ 2015 жылғы таза табысын бөлу, ҚТКФ 2015 жылғы жылдық есептемесін бекіту туралы
№25 5-тармақ	14.06.2016ж.	ҚМГ Басқармасының 123.04.2016 жылғы «ҚТКФ 2015 жылғы жеке және шоғырландырма қаржы есептіліктерін бекіту және ҚТКФ 2015 жылғы таза табысын бөлу, ҚТКФ 2015 жылғы жылдық есептемесін бекіту туралы» шешіміне өзгерістерді енгізу туралы
№31 17-тармақ	26.07.2016ж.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тарапынан қаржы емес кепілдіктерді «Blue Water Shipping Kazakhstan» және «Blue Water Shipping Kazakhstan» пайдасына беру және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС тарапынан «Теңізшевройл» ЖШС, «Blue Water Shipping Kazakhstan» ЖШС, «Vard Group AS» «Vue Kazakhstan Limited» мәміле жасасу туралы
№46 24-тармақ	09.12.2016ж.	ҚТКФ ҚК сайлау, ҚТКФ ҚК туралы ережеге өзгерістерді енгізу және ҚТКФ Басқармасы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы

12.2. Қадағалау кеңесі

«ҚТКФ» ЖШС Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес Қадағалау кеңесін сайлау, оның өкілеттік ету мерзімін айқындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатады.

2016 жылы ҚТКФ Қадағалау кеңесінің құрамында мыналар болды:

9-Кесте

Қадағалау кеңесінің төрағасы	Нұртас Нұрибекұлы Шманов	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының көліктік инфрақұрылым жөніндегі орынбасары
Қадағалау кеңесінің мүшелері	Шара Бақытжанқызы Таңатарова	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік қаржыландыру және активтерді басқару жөніндегі директоры
	Қазбек Әлімбайұлы Төлеуов	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалы дирекциясының директоры

2016 жылы ҚТКФ Қадағалау кеңесі деңгейінде мынадай шешімдер қабылданды:

Хаттама	Күні	Мәселенің атауы
№ 01-16/ҚК	16.03.2016 ж.	1) ҚТКФ Қадағалау кеңесінің 2016 жылға арналған Жұмыс жоспарын отырыстарды өткізу кестесімен қоса бекіту туралы; 2) ҚТКФ 2016-2020 жылдарға арналған Бизнес-жоспарын бекіту туралы
№02-16/ ҚК	01.06.2016 ж.	ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2016 жылға арналған Уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштерін және олардың мақсатты мәндерін бекіту туралы
№03-16/ ҚК	29.07.2016 ж.	1) ҚТКФ 2014-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру туралы 2015 жылғы Есептемені бекіту туралы; 2) ҚТКФ басшы қызметкерлерінің 2015 жылғы Уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштері карталарының нақты мәндерін және қорытынды нәтижелілігін бекіту туралы; 3) ҚТКФ басшы қызметкерлеріне 2015 жыл бойынша сыйақы мөлшерін бекіту және сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау туралы
№04-16/ ҚК	17.08.2016 ж.	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС дамытудың 2014-2022 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру туралы 2015 жылғы Есептемені бекіту туралы
№05-16/ ҚК	30.09.2015 ж.	1) ҚТКФ қызметкерлерінің жалпы адам санын және ҚТКФ ұйымдық құрылымын бекіту туралы 2) ҚТКФ Басшы қызметкерлеріне еңбекке ақы төлеу қағидасына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы

ҚМГ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен (№17/2016 хаттама) ҚТКФ Қадағалау кеңесінің жаңа құрамы бекітілді:

- 1) Нұртас Нұрибекұлы Шманов;
- 2) Азамат Аспандиярұлы Жанғұлов;
- 3) Қазбек Әлімбаевұлы Төлеуов.

12.3. Басқарма

Басқарма – ҚТКФ ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

Басқарма қызметінің негізін ҚМГ тұлғасында Жалғыз қатысушының мүддесін барынша сақтау қағидаты құрайды және ол оның шешімдері және ҚТКФ Қадағалау кеңесінің шешімдері бойынша толықтай есеп береді. 2016 жылы ҚТКФ Басқармасы мүшелерінің құрамында мынадай өзгерістер болды:

1. ҚТКФ Басқармасына 2016 жылғы 26 ақпаннан бастап тұтастай ҚТКФ Басқармасы үшін белгіленген мерзімге мыналар сайланды:

- Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов;
- Марат Қайыржанұлы Базылов.

ҚМГ Басқармасының 09.12.2016 жылғы (№46 хаттаманың 24-тармағы) ҚТКФ Басқармасы туралы ереже бекітілді.

Басқарма өз қызметін ҚТКФ Жарғысы және ҚТКФ Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. 2016 жылы ҚТКФ Басқармасының 20 отырысы өтті, 40 мәселе қаралды. 2016 жылы ҚТКФ Басқармасының төрағасы мен оның мүшелеріне сыйақы төлемдері жүргізілді.

2016 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайы бойынша Басқарма құрамындағы адамдар туралы мәлімет:

Басқарма төрағасы (Бас директор)

- Марат Көшкінбайұлы Орманов

Басқарма мүшелері:

- 1) Бас директордың теңізде жүзу қауіпсіздігі және флотты пайдалану жөніндегі орынбасары – Марат Қайыржанұлы Базылов;
- 2) Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары – Айдар Есенжанұлы Оржанов;
- 3) Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары – Серік Жетпісбайұлы Ахметов;
- 4) Құқықтық қамтамасыз ету және келісім шарттар департаментінің директоры – Жомарт Сәрсенбекұлы Мұхамеджанов.

12.4. Тексеру комиссиясы (тексеруші)

2016 жылғы желтоқсанның 31-і күнгі жағдайына ҚТКФ Жарғысының 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.8-тармақшасына сәйкес ҚТКФ Жалғыз қатысушысының шешімімен тексеру комиссиясын (тексеруші) құру мәселесі жөнінде шешім қабылданған жоқ.

13. Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының меншік құрылымы

ҚТКФ тобының құрамына оның 100 % еншілес ұйымдары ретінде «Kazmortransflot Ltd.» (Мэн аралдары), «Kazmortransflot UK Ltd.» (Ұлыбритания), «Altai Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) және «Alatau Shipping Ltd» (Маршалл аралдары) кіріп отыр.

Компания активтерінің құрылымы туралы қысқаша ақпарат

№ 11 Кесте

№ р/н	«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС құрылымындағы ұйым атауы	Үлесі	Шоғырландыру жағдайы	Шоғырландыру әдісі (қатысу үлесіне, құнына толық, барабар)
1	Kazmortransflot Ltd	100%	иә	толық
2	Kazmortransflot UK Ltd	100%	иә	толық
3	Altai Shipping Ltd	100%	иә	толық
4	Alatau Shipping Ltd	100%	иә	толық

ҚТКФ активтерінің құрылымына мыналар кіріп отыр:

1) Сауда флоты:

- меншікті 12,000 тонналық «АСТАНА», «АЛМАТЫ» мұнай құю танкерлері, салмағы 13 000 тонналық «АТЫРАУ», «АҚТӨБЕ», «ОРАЛ» танкерлері;
- салмағы 12,000 тонналық «ТК Ақтау» танкері – қаржы лизингі;
- әрқайсысы 115 000 тонналық ірі көлемді «АЛТАЙ», «АЛАТАУ» мұнай құю танкерлері – займ қаражаты есебінен сатып алынды.

2) Теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ) 13 бірлік, оның ішінде:

- меншікті «ҚТКФ-1», «Орал», «Ертіс» магистралдық сүйреткіштері және «Есіл», «Тобыл» магистралдық сүйреткіштері - қаржы лизингі;
- әрқайсысының жүккөтерімдігі 3 600 тонналық «КМГ» топтамасындағы меншікті баржа-алаңшалар: «КМГ-101», «КМГ-102», «КМГ-103», «КМГ-104», «КМГ-105» және әрқайсысының жүккөтерімдігі 3 600 тонналық «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108» - қаржы лизингі.

3) өзге объектілер:

- әкімшілік орын-жайдың (кеңсе орын-жайы) құрылысын салу және пайдалану үшін көзделген 0,9577 га жер учаскесі;
- әкімшілік ғимарат, 14 шағын ауданы, 70 ғимарат;
- яхта үшін ангардың құрылысын салу және оны пайдалануға көзделген 0,03 га жер учаскесі;
- Ақтау қаласының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан яхтаға арналған ангар.

14. БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӘРІ ЖЕТІЛДІРУ

ҚТКФ жұмысының басты қағидаттарының бірі халықаралық стандарттардың талаптарын компанияда қалыптасып отырған сапа, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау сияқты жүйелерге енгізу арқылы оларды сақтай отырып, шығыстарды азайту және табысты ұлғайту, компанияның әлемдік нарықтағы беделін арттыру мақсатында

тиімді бизнес әдістерін қолдану арқылы кемелерді қауіпсіз, тиімді және үнемді пайдалану болып табылады.

14.1. Сапа, қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жүйесінің менеджменті

ҚТКФ қолданысқа енгізілген Менеджменттің біріктірілген жүйесін (МБЖ) тиісті деңгейде күтіп ұстайды. 2016 жылғы сәуірде «Орыс Тіркелімі» сертификаттау органы ҚТКФ компаниясына сыртқы қайта сертификаттау аудитін өткізді. Сыртқы қайта сертификаттау аудитін өткізу мақсаты ҚТКФ бойынша қолданысқа енгізілген МБЖ ИСО 9001 ХС, ИСО 14001 ХС, ОHSAS 18001 халықаралық талаптарына сәйкес келуін айқындау, сондай-ақ оның нәтижелілігін жақсарту болып табылады.

ҚТКФ 2016 жылы ҚР ИСО 9001-2009 СТ, ҚР ИСО 14001-2006 СТ, ҚР ОHSAS 18001:2008 СТ мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуына алғаш рет сертификатталды.

Сертификаттау аясы ИСО 9001, 14001 ХС, ОHSAS 18001, ҚР ИСО 9001, 14001 СТ, ҚР ОHSAS 18001СТ элементтері мен талаптарын есепке ала отырып, компанияның бүкіл құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты қолданылды, сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) 8.3-тармағының талаптарына қатысты қолданылмауының негіздемесі расталды.

ҚТКФ Саясаттары қайта қаралып, 2016 жылғы маусымда бекітілді.

2016 жылы МБЖ жетілдіру шеңберінде мына іс-шаралар орындалды:

- ішкі аудиторларға серификаттау (оқу семинары) өткізілді;
- ҚТКФ МБЖ ішкі аудит өткізілді;
- процесс нәтижелілігіне мониторинг өткізілді;
- ҚТКФ тұтынушыларының қанағаттану деңгейіне баға берілді (сауалнама);
- қоршаған ортаны және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар өткізілді;
- жоғары басшылық тарапынан талдау жүргізілді.

14.2. Қауіпсіздікті басқару жүйесі

ҚТКФ ҚБЖ туралы жалпы ақпарат

ҚТКФ бойынша ХҚБК талаптарына сәйкес келетін ҚБЖ 2006 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

2016 жылға белгіленген міндеттерді іске асыру

Техникалық пайдалану департаменті

1. ТЖҚ жеткізушілерімен жасасқан шарттарға сәйкес ағымдағы жөндеу жүргізуді, техникалық құралдар мен кеме КИП куәландыруды бақылау;
2. Кемелердің энергиялық тиімділігі бойынша ақпаратты жинау және оны бақылау (компания кемелерін пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері);

3. Компанияның энергиялық тиімділігінің негізгі көрсеткіштері бойынша ақпаратты жинау және оны бақылау, ҚМГ үшін ЭНК жөнінде есептемені әзірлеу;
4. ҚТКФ кемелеріне техникалық инспекция жүргізу;
5. Кемелерді жыл сайынғы куәландыруға әзірлеу;
6. Бюджеттің орындалуына есеп жүргізу және кемелік менеджменттің растама құжаттарын тексеру;
7. ДБКБЖ жөніндегі есептемелерді әзірлеу (отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша мәлімет);
8. ТОҚФ кемелерін қысқы тұраққа қою жөніндегі іс-шараларды орындау;
9. «Тобыл», «Есіл» сүйреткіштерін, ҚМГ-101, ҚМГ-106, ҚМГ-107, ҚМГ-108 кезекті куәландыруға әзірлеу;
10. «Ертіс», «Орал» сүйреткіштерін аралық куәландыруға әзірлеу;
11. «Орал», «Ертіс» сүйреткіштерін навигацияға әзірлеу;
12. кемелер бойынша ЖЖМ шығысталуын бақылау;
13. AMOS ФТМАЖ жұмысқа жарамдылығын тексеру;
14. КПКҚ желісі бойынша кемелер қызметінің мониторингі, КПКҚ құжаттамасын өзекті жағдайында ұстау;
15. «Нұртау» яхтасын су бетіне көтеру/түсіру.

Сапа және теңізде жүзу қауіпсіздігі департаменті

Есеп беру кезеңінде 2016 жылы ҚБЖ шеңберінде белгіленген мақсаттарды іске асыру мәніне қорытынды талдау жүргізілді.

Мақсаттары:

1. ҚТКФ кемелерінде теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
2. Болашақ кеңейту жобасында әлеуетті жеткізуші ретінде ҚТКФ кеме қатынасы нарығында басым жағдайға ие болуы;
3. Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында нормативтік-құқықтық құжаттарды жетілдіру мақсатында ҚТКФ және Ақтау және Баутин порттарының Теңіз әкімшілігімен ынтымақтастық аясын кеңейту;
4. «2016 жылға арналған қаржы тұрақтылығын сақтау бойынша 33 қадам» кешенді шараларын орындау есебінен 2016 жылға арналған Бизнес-жоспар мен жылдық Сатып алулар жоспарын орындауды қамтамасыз ету және Тиімді іс-әрекет коэффициентінің жоғары көрсеткіштеріне (ТІК) қол жеткізу.

Іске асыру:

1.1. ҚТКФ кемелерінде теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мына іс-шаралар іске асырылды:

- кемелер экипаждарының ҚТКФ Саясаттарының қағидаттарын сақтауы;
- кемелердің техникалық жай-күйін және оларға қызмет көрсетуді бақылау;
- кемелерді пайдаланумен, жүктерді, персоналды тасымалдаумен, қоршаған ортамен байланысты тәуекелді бағалау;
- компания мен кемелерге жоспарлы ішкі аудиттерді, техникалық инспекцияларды жүргізу;
- біліктілік талаптары шеңберінде ҚТКФ кемелерін уақтылы куәландыру;
- кемелер экипаждарының авариялық жағдайларға ден қоюын қамтамасыз ету;
- ҚТКФ персоналының кеме қатынасы саласында заңнамалық бастамалар шеңберінде өткізілетін семинарларға қатысуы;
- кемелерді тұрақты негізде тексеріп отыру.

1.2. Компания мен оған тиісті кемелердің БКЖ жобасына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында Компания мен оның кемелерін OCIMF (Oil Companies Marine Forum) - Халықаралық мұнай компаниялары әзірлеген және мұнай компанияларымен талап етілетін OVMSA (Offshore Vessels Management Self-Assessment) - оффшорлық кемелерді басқаратын компанияның өзін өзі бағалау бағдарламасы мен OVIQ – (Offshore Vessels Inspection Questionnaire) веттинг инспекторларының оффшорлық кемелерге инспекция жүргізу мақсатында кемелерді кейінгі уақытта оффшорлық аймақта пайдалану үшін OCIMF әзірлеген сауалдар тізімі.

1.3. Көрсетілген мақсатты іске асыру «Порт Теңіз әкімшілігімен іс-қимыл жасау» 4.2. тармағында берілді.

1.4. 2016 жылға арналған «Қаржы тұрақтылығын сақтау бойынша 33 қадам» кешенді шараларын орындау шеңберінде мыналар қамтамасыз етілді:

- ағымдағы жылға арналған жылдық Сатып алулар жоспарының орындалуын бақылау;
- шығыстарды оңтайландыру мақсатында қойма запастарын пайдалану;
- кемелерді су бетінен көтеріп, тұраққа қою режиміне шығару.

Компанияның жауапкершілігі және өкілеттігі

ҚТКФ өзіне тиісті кемелердің иесі мен операторы ретінде оларды қауіпсіз пайдалану, кемелерден ластануды болдырмау, Кемелерді қауіпсіз пайдалану және кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық кодекстің (ХҚБК) талаптарын толық көлемде орындау үшін жауапты болады.

Мемлекеттік порттық бақылау инспекциясы (PSC)

Есеп беру жылында ҚТКФ кемелері халықаралық теңіз конвенциялары (Мемлекет порты тарапынан кемелерді бақылау туралы Меморандум – Париж Меморандумы) талаптарының сақталуы шеңберінде Ақтау, Баутин, Түрікменбашы, Аладжа, Астрахань, Дюбенди порттарында мемлекеттік порттық бақылау инспекторлары тарапынан тексерілді. PSC ресімдеген есеп беру құжаттарын Кемелердің капитандары компанияға уақтылы берді және жасалған ескертпелерді

уақтылы жоюға және олардың қайталануын болдырмауға бағытталған бірлескен түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекетін пысықтады.

Порттардағы кемелерге инспекция жүргізу

№12 Кесте

Кемелер	Дюбенди порты	Аладжа порты	Түрікменбашы порты	Ақтау порты	Баутин порты	Астрахань порты
Орал	6	0	0	0	0	0
Орал ТС	0	0	0	0	1	4
Есіл	0	0	0	0	5	0
Ертіс	0	0	0	2	0	0
Тобыл	0	0	0	0	3	0

Жалпы ескертпе саны – 21 бірлік;

Жабық ескертпе саны – 21 бірлік.

16, 17, 30 кодымен белгіленген psc/fsc ескертпелері жасалмады.

2016 жылға СТҚД белгілеген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу мыналардың көмегімен іске асырылды:

- ескертпелерді тез арада жоюға бағытталған түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекетін уақытында әзірлеу;

- ҚТКФ кемелерінің капитандарын хабардар етуге және басқадай ҚТКФ кемелерінде PSC/FSC ескертпелерінің қайталануын болдырмауға бағытталған сақтандыру іс-әрекетін әзірлеу мақсатында кемелер капитандарының атына Циркулярлық және Ақпараттық хаттарды әзірлеу.

Порт Теңіз әкімшілігімен іс-қимыл жасау

Есеп беру жылында «Ақтау және Баутин порттары Теңіз әкімшілігі» ММ ҚТКФ кемелеріне ҚР сауда мақсатында теңізде жүзу саласында Халықаралық конвенцияларды және басқадай нормативтік құжаттарды ұстану мәніне жоспарлы инспекция жүргізді. Осы орайда ҚТКФ ескертпелерді жою және оларды мейлінше азайту бойынша уақтылы ден қоюды қамтамасыз етті, бұл ҚТКФ кемелерін порттық органдар тарапынан кідіріп қалмауына әкеліп соқтырды.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, Халықаралық конвенцияларға және ҚР сауда мақсатында теңізде жүзу саласында басқадай нормативтік құжаттарға өзгерістер мен түзетулерді енгізу жөнінде ұсыныстарды енгізу шеңберінде бірлескен қызмет жүргізілді.

Тағайындалған тұлға

Кемелердің қауіпсіздігі ҚТКФ Жоғары басшылығының ұдайы бақылауында болды. Компанияның Тағайындалған тұлғасы мыналарды қамтамасыз етті:

- кемелермен ұдайы байланыста болу және кемелерге олардың қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету және ластануын болдырмау үшін талап етілетін қажетті ресурстарды беру және жағалаудан қолдау көрсету;
- ҚБЖ қауіпсіздігі және тиімділігі бойынша халықаралық, ұлттық және компания тарапынан белгіленетін рәсімдік талаптарды бақылау;
- қауіпсіздік бойынша оралымды және жоспарлы отырыстарды өткізу және осы бойынша шешімдерді қабылдау;
- ҚБЖ ішкі және сыртқы аудиторлық тексерістерін ұйымдастыруды бақылау, анықталған сәйкес келмеушіліктерді жою және түзетулерді енгізу және сақтандыру іс-әрекетін алу;
- компаниядағы қауіпсіздік жағдайына жүйелі шолу (талдау) жүргізу және осының негізінде қауіпсіздік саясаты мен ҚБЖ түзетулерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізуді бақылау.

Капитанның жауапкершілігі мен өкілеттігі

Кемеге белгіленген капитан ҚБЖ шеңберінде кемелердің, экипаждың, жабдықтардың және жүктердің қауіпсіздігімен байланысты бүкіл мәселелер бойынша ҚТКФ атынан мүдделік білдіреді. Капитан қауіпсіздік және кемелерден ластануды болдырмау жөнінде шешімдерді қабылдауға қатысты жоғары өкілеттікке ие болады және осы бойынша жауапты болады, сондай-ақ Компанияның персоналына қажетті жәрдем алу үшін тікелей қолжетімді болады.

Есеп беру кезеңінде кемелердің капитандары мыналарды қамтамасыз етті:

- ҚБЖ рәсімдік талаптары шеңберінде ҚТКФ кеңсе орын-жайына тоқсан сайынғы есеп құжаттарын уақтылы берді;
- Сыныптаушы қоғамдар, PSC/FSC және кемеңі жалға алушы тарапынан кемелерге инспекция жүргізілген кезде жасалған ескертпелерді жою бойынша оралымды ден қойды, сондай-ақ оларды мейлінше азайтуға және қайтара қайталануын болдырмауға бағытталған сақтандыру іс-шараларын алды;
- авариялық жағдайларды болдыртпау және олардан сақтандыру және оның алдын алу бойынша шараларды әзірледі.

Ресурстар және персонал

Персоналдың ҚБЖ бойынша біліктілігін арттыруды іске асыру шеңберінде белгіленген міндеттерді орындау мақсатында мыналар қамтамасыз етілді:

- Компанияның Тағайындалған тұлғасы бекіткен Компанияның 2016 жылға арналған ҚБЖ рәсімдік талаптарын білуі шеңберінде техникалық оқудың Күнтізбелік жоспарында көзделген 11 техникалық оқу;

- 2 қызметкер «ҚБЖ ішкі тексерістерін жүргізу бойынша сарапшылардың даярлығын жүргізу» курсы бойынша білім алды;
- 1 қызметкер «Танкерлік және оффшорлық флот үшін ОСІМҒ жаңа талаптары» тақырыбы бойынша семинарға қатысты;
- кемелердің экипаждары «Дельта» бағдарламасы бойынша тест тапсырды;
- 62 қызметкер ҚТКФ персоналын оқытудың бекітілген 2016 жылғы Күнтізбелік жоспарына сәйкес әртүрлі семинарлар мен тренингтерге (ағылшын тілін меңгеру, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, МАРПОЛ конвенциясы бойынша оқу) қатысты.

2016 жылғы ТОҚФ экипаждарының мүшелері бойынша ақпарат:

№13 Кесте

	ҚТКФ-1	Тобыл	Есіл	Ертіс	Орал ТС
Қабылданды	6	23	19	17	9
Шығарылды	4	23	14	23	8

Қабылданды:

- нақтылы жұмыс түрін орындау мезгілінде – 66 адам;
- негізгі қызметкердің болмаған мезгілінде – 2 адам;
- кемені су бетінен көтеріп, тұраққа қою мезгілінде - 6 адам;

Шығарылғандар:

- еңбек шартының әрекет ету мерзімі аяқталуына байланысты – 42 адам;
- өз бастамашылығы бойынша – 30 адам.

Кеме операциялары

2016 жылғы маусымда «RASHA-1» құрғақ жүктерді таситын кемедегі жүктерді түсіру бойынша теңіз операциясы жүргізілді. Бұл ҚТКФ тәжірибесінде осы секілді операцияны екінші мәрте жүргізу болды. 2015 жылы құрғақ жүктерді таситын «ТІВА» кемесімен осыған ұқсас операция жүргізу кезінде болған қателіктерге талдау жүргізе отырып, ҚТКФ Техникалық блок, Коммерциялық блок пен Кеме жасау департаменті құрамымен «RASHA-1» құрғақ жүктерді таситын кемеден жүктерді рекордтық мерзімде түсірді:

- флотты әзірлеу бойынша даярлыққа – 4 тәулік;
- Баутин портынан Ақтау портындағы рейдке сүйреткіш құрамының жүзіп жетуіне – 0,5 тәулік;
- Теңіз операциясының жоспарлы күніне – 0,5 тәулік;
- Жүктерді түсіру жұмыстарына және қайырға тұрып қалған кемені шығаруға – 1,5 тәулік кетті;

Жоғарыда көрсетілген деректер ҚТКФ командасының жұмыла жұмыс жасайтындығын көрсетті:

- Коммерциялық блок – шарттарды жасасты, соның ішінде кранды жалға алды;
- Кеме жасау департаменті – «ҚМГ-101» баржасына кранды орнату бойынша есептеулерді әзірледі;

- СТҚД – теңізде жүзу қауіпсіздігінің нормаларын сақтай отырып, тиісті жерде тиеу-түсіру жұмыстарына басшылық етті;
- Коммерциялық блок – Ақтау портында «ҚМГ-101» баржасындағы жүктерді түсірді, флотты Баутин портына жұмылдырды.

ТОҚФ 2016 жыл бойынша кеме кіруі кестесі

№14 Кесте

Порттар мен айлақтар	Орал ТС	Ертіс	Есіл	Тобыл
Баутин	22	7	5	3
Қашаған	18	7	3	0
Ақтау	0	3	1	0
Құрық	1	0	1	0
КСОІ	0	2	0	0
Прорва	1	0	0	0
Астрахань	3	0	1	3
Баку	2	1	0	0
Түрікменбашы	0	0	0	1

ТОҚФ 2016 жыл бойынша танкерлердің кеме кіруі кестесі

№15 Кесте

Порттар мен айлақтар	Астана	Алматы	Ақтау ТК	Атырау	Ақтөбе	Орал
Ақтау	31	56	25	7	48	0
Аладжа	1	3	2	50	6	52
Киянлы	4	0	4	2	0	0
Окарем	0	0	0	1	0	1
Сангачал	12	9	10	41	9	43
Дюбенди	1	0	0	12	0	9
Махачкала	47	67	22	7	50	0
Корчагин	8	6	6	0	1	0

ҚТКФ жалға алған басқадай кемелер:

Ақтау порты – 132 кеме кіруі

Махачкала порты – 119 кеме кіруі

Өзге кемелер:

Ақтау порты – 1184 кеме кіруі

Авариялық жағдайларға әзір болу

Кемелердің 2016 жылғы Күнтізбелік оқу жоспарын орындауы

№16 Кесте

Оқу	Орал	Орал ТС	Есіл	Ертіс	Тобыл	ҚТКФ-1
-----	------	---------	------	-------	-------	--------

жоспарлары						
Жоспарланды	118	97	97	97	97	0
Орындалды	122	77	79	34	21	0
Кеме-жағалау оқу-жаттығулары	1	2	3	2	3	2
Ескертпелер	4	11	7	14	14	0

Орал ТС – 3,5 ай бойы тұраққа қойылды

Есіл – 3 ай бойы тұраққа қойылды

Ертіс – 8 ай бойы тұраққа қойылды

Тобыл – 8 ай бойы тұраққа қойылды

ҚТКФ-1 – 12 ай бойы тұраққа қойылды.

2016 жыл қорытындылары бойынша экипаждың авариялық жағдайларға сапасы, орындалуы және әзір болуы тұрғыдан үздік көрсеткіштерге Компанияның қатысуымен Кемелер капитандарының үлес қосуымен Орал танкері, Есіл сүйреткіші және Орал ТС ие болды.

Тұжырымдама:

Орал танкері экипаждың авариялық жағдайларға әзір болу деңгейін Компания тарапынан 2015 жыл қорытындылары бойынша ескертпелер мен ұсыныстарды енгізуге байланысты арттырды.

Орал ТС және Есіл сүйреткіштері экипаждың авариялық жағдайларға әзір болу және Күнтізбелік оқу жоспарын ұстану шеңберінде тұрақты жағдайын байқатты, бұл ең бастысы экипаж құрамының тұрақты болуына байланысты болды.

Ертіс пен Тобыл сүйреткіштерінде Күнтізбелік оқу жоспарының орындалмау себептері:

- тұрақты командалық құрамның болмауы;
- оқу-жаттығулардың формальды әдісі;
- кемелерді тұраққа қойған кезде экипаждың адам санының қысқаруы.

Демек, оқу-жаттығуларды өткізу сапасын жақсарту үшін:

- мүмкіндігіне қарай тұрақты командалық құрамды қамтамасыз ету;
- жауапты тұлғалар тарапынан бақылауды күшейту;
- жоспарлы оқу-жаттығуларды адам саны қысқартылған экипажбен күнтізбелік жоспарда көзделген мерзімділікпен жүргізу қажеттігі туындайды.

Кемелер қозғалысының мониторингі қызметіне 2016 жыл бойынша келіп түскен хабарламалар кестесі:

№17 Кесте

Хабарламалар	ТХ	Түрікменбашы ЖАҒХ	Ақтау ЖМСХ	ТҚҰО авария лық	ТҚҰО авария лық	Ақтау ТЖД авариялық
--------------	----	----------------------	---------------	-----------------------	-----------------------	---------------------------

Қабылданды	49	20	15	20	8	4
Ден қойылды	49	20	15	20	8	4

ТЖД – Ақтау Төтенше жағдайлар департаменті
ТҚҰО – Теңіз құтқару үйлестіру орталығы
ЖАҒХ – Жағалау хабарламасы
ТХ – теңізде жүзушілерге берілетін хабарлама

ҚТКФ жедел штабы жалпы алғанда 11 мәрте, оның ішінде кемелердің капитандарына жәрдем көрсету қажеттігіне байланысты 4 мәрте жиналды.

Жедел штаб мүшелерінің жиналу уақытын қысқарту мақсатында ҚТКФ ғимараты бойынша 10, 11, 12 қабаттарда дауыстық хабарлама беру жүйесі көздестірілді.

Кемелер қозғалысының мониторингі қызметі кемелермен және порттармен іркіліссіз радиобайланысты қамтамасыз етті.

Сәйкес келмеушіліктер, жазатайым оқиғалар және қауіпті жағдайлар туралы баяндамалар

Оқыс уақиғалар, жазатайым оқиғалар, қауіпті жағдайлар фактісі бойынша ықтимал салдарды болдырмау, қауіпсіздік деңгейін арттыру, ҚТКФ кемелерінің жағымды теңіз практикасына қол жеткізуі мақсатында ҚТКФ кемелерінен есеп беру кезеңінде келіп түскен баяндамаларға талдау жүргізілді және оның негізгі Тізбесі мына кестеде көрсетілді:

№18 Кесте

	Есіл	Тобыл	Орал тс	Ертіс	Орал
ТҚ қағидаларын бұзу	1	2			5
Радионавигациялық жабдықтың істен шығуы	1				
Кемелік жабдықтың істен шығуы	3		2	5	5
Кемелер экипаждарының денсаулығымен байланысты жағдайлар		1			
Авариялық-құтқару және өртке қарсы мүліктің істен шығуы					

Тұжырымдама:

ҚТКФ кемелерінде оқыс уақиғаларды, жазатайым оқиғалар мен қауіпті жағдайларды болдыртпауға бағытталған сақтандыру іс-әрекетін алу мақсатында:

- Кемелердің капитандарына жүргізілген талдау мен Тағайындалған тұлғаның түсіндірмесімен қоса 2016 жыл бойынша NMR статистикасын беру;
- Кемелердің капитандары жоғарыда көрсетілген ықтимал қауіпті жағдайларды қауіпсіздік жөніндегі кеме комитетінің отырысында талқылау.

Кемелер мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Кемелердің 2017 жылғы навигацияға әзір болуы үшін 2016 жылы сүйреткіштер мен баржалардағы авариялық-құтқару мүлкіне, өртке қарсы және сүйреткіш мүлкіне куәландыру жүргізілді, жыл сайын өткізілген куәландыру туралы тиісінше сертификаттар алынды.

Радионавигациялық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету шеңберінде ҚТКФ кемелерінде есеп беру жылында радионавигациялық жабдықтарды және сүйреткіштердегі АҒТБЖ кешенді тексеру бойынша іс-шаралар жүргізілді.

№19 Кесте

	Тобыл	Есіл	Ертіс	Орал ТС	Нұртау яхтасы
2016 жылы радионавигациялық жабдық пен жүргізілген жөндеу саны	5	4	3	2	3

Сүйреткіштердегі АСС (автоматтандырылған сәйкестендіру станциясы) жөндеу жүргізу және олардың жиі істен шығуына байланысты қарапайым ТРАНЗАС үлгісінде 2 дана АСС сатып алынды. Оны қондыру 2017 жылғы ақпанда жоспарланды.

2016 жылғы ақаулықтар статистикасын талдау

№20 Кесте

2016 жылғы 23 мамырда және осы жылдың 13 тамызында «Есіл» сүйреткішінде арнайы жұмыс киімін жууға арналған кір жуғыш машина істен шықты. Төсек-көрпе тыстарын жууға арналған кір жуғыш машина 2016 жылғы 20 мамырда Баутин послекесінде жөндеуге тапсырылды.

Ақаулықтың туындау себебі – кір жуғыш машина барабанына киімді асыра жүктеу. Осы секілдес жағдайларды болдыртпау үшін кеме экипажы аталмыш техникаға мұқият қарауға, машинаға асыра салмақ салуға жол бермеуге тиіс.

Кір жуғыш машинаны пайдалану жөнінде нұсқауды түзіп жасауға тиіс.

2016 жылғы 26 ақпанда лаг арқылы «ҚМГ-107» баржасын сүйрету кезінде Ақтау портында жүргізілген рейд барысында газ шығару №1 НҚ (сол борт) түтіндеп бастады. №1 НҚ тоқтатылды.

№№1,2,4,7 цилиндрдерінде газ шығару клапандарының тежегіштік шайбалары зақымдалды. Сондай-ақ, цилиндр қақпақтарын түсірген кезде газ шығару клапандары мен жоғарыда көрсетілген цилиндр итергіштерінің майысқаны анықталды.

Қозғалтқыш ақаулықтары №1 НҚ газ шығару клапандарының серіппе металының тозуы салдарынан серіппе беріктігін (серіппенің босауы) жолғалтудан, бұдан басқа

жөндеу жүргізу уақытының тапшылығынан, арқанға байлау операцияларын, қозғалтқышты жинағаннан кейін оның жүрдектігіне сынақ жүргізу мерзімін қысқартудан, экипаж мүшелерінің қайта-қайта ауысуынан (2016 жылғы 10 ақпанда порттан шығып кету күні 2 МХ және 2016 жылғы 11 ақпанда рейс кезінде АМХ ауыстыру) болды.

Қозғалтқыш сервистік компаниясының ұсынымдары бойынша жөнделді. Осы секілде жағдайларды болдыртпау үшін Жөндеу жүргізу және рейске шығу кезінде машина бөліміндегі команданы ауыстырмаған жөн.

2016 жылғы 07 сәуірде №2 НҚ жұмысы кезінде ішкі контурды салқындату тұрбасы жарылды, нәтижесінде ішкі контурдың салқындату сұйықтығы ағып кетті. Қызып кетуден аулақ болу үшін №2 НҚ тоқтатылды.

Себептері – тотығу салдарынан тұрбаның жарылуы.

Машина бөлімі командасының күшімен тұрба жөндеуі жүргізілді. Осы секілді жағдайлардан аулақ болу үшін экипаж кемедегі энергетикалық қондырғыны іске қоспастан бұрын жүйе мен тетіктерді сырттай тексеріп қарауға тиіс.

2016 жылғы 14 сәуірде ҚМГ-108, ҚМГ-107 баржаларын Баутин-Қашаған рейсінде сүйрету кезінде сағат 23.10-да №1 НҚ істен шықты. Ажырату кезінде №87 газ шығару клапаныныңдағы штанга тетігінің зақымдалуы анықталды. Штанга тетігінің сынып кеткен бөлігі қозғалтқыштың бөлу аумағының ішкі бөлігіне түсіп кетті. Осы орайда қозғалтқышты толықтай ажырату қажет болды. Аталмыш жұмыстарды теңізде жүргізу мүмкіндігі болмады. Ол отын аппаратурасы жұмысының реттелмеуі себептен болды (лезде от алмауы, ГРМ теңгерімсіздігі, резонанстық жағдай).

Жұмыстар Баутин портында сервистік мамандарды тарту арқылы орындалды. Ақаулық жойылды. Осы секілде жағдайларды болдырмау үшін жөндеу, арқанға байлау және жүрдектігіне сынақ жүргізу мерзімін регламентке сәйкес өткізген жөн.

2016 жылғы 15 сәуірде Баутин-Қашаған өту аймағында ҚМГ-108, ҚМГ-107 баржаларын сүйрету кезінде КДГ-1 жүйесінен КДГ-2 жүйесіне тарау арқылы КДГ ішкі контурын салқындату жүйесінде пайдаланылған газдардың, ВДГ-2 кеңейту ыдысында (бачок) көп мөлшерде көбіктің болуы анықталды.

Ақаулық ВДГ-2 цилиндріндегі бас тетік жапсырмасында саңылаудың пайда болуы салдарынан болды. Осы секілде жағдайларды болдыртпау үшін сертификатталған компания тарапынан негізгі және көмекші қозғалтқыштарға ТҚ дер кезінде жүргізген жөн.

2016 жылғы 14 тамызда «Орал» танкерінің капитаны «Орал» танкерін шанаққа алу кезінде жалға алушы IFO-30 кемелік мотор майының орнына М-40 мазутын қолданғанын баяндады.

Себептері – жалға алушы шанаққа алу кезінде қозғалтқыш ерекшелігіне сәйкес келмейтін отынды пайдаланды.

Шанақ отынының үлгісін тексеру нәтижесінде қабылдап алынған отын сапасының төмен болғаны анықталды. М-40 жанар мазутының үлгісін алу оны тексеру нәтижелері) 30 mm²/s болуға тиіс тұтқырлық нормасы (Kinematic viscosity at 50 DC) 155.3 mm²/s болғанын, яғни тиісті нормадан 5 (бес) есе жоғары! болғанын көрсетті.

Сондай-ақ тұтану температурасы нормадан жоғары - 165оС болды, бұл отынның

тұтану уақытына теріс әсерін тигізді, яғни лезде тұтанбау, жанып кету, қалдықтардың жиналуы, жанып кетпеген отынның турбинаға және газдарды шығару коллекторына енуі (отынның толық жануы кеңейтілген процесте болып отыр) салдарынан пайдаланылған газ температурасы тым жоғары болады.

Негізгі және көмекші қозғалтқыштарға арналған отын ретінде кемелерге тек қана өндіруші зауыт өнімінің ерекшелігінде көрсетілген отын қолданылуға тиіс.

Кемелерде сапасыз және белгіленген ерекшелікке сәйкес келмейтін отынды қолдану мыналарға әкеліп соқтырды:

- 1) НК, оның ГТА, көмекші қозғалтқыштарға және оның тетіктеріне сервис аралық техникалық қызмет көрсету уақытын қысқарту;
- 2) циркуляциялық майды пайдалану мерзімін азайту;
- 3) "Intermediate service kit" блогы отындығының (отын сепараторы) шығыстарын ұлғайту;
- 4) отын аппаратурасының БЖК шығыстарын ұлғайту.

Бұл аварияларға әкеліп соқтыратын техникалық құралдардың қатты зақымдалуларын тудыруы мүмкін. Осы секілді жағдайларды болдыртпау үшін кемені жалға алу кезеңінде Маркетинг және келісім шарттар департаменті, Флотты коммерциялық пайдалану қызметі кемелерді жалға алу шарттарын жасасқан кезде кемені жалға алушының шанақ отынының тиісті сапасына сәйкес келуі және оны бақылау бойынша жауапкершілігіне баса назар аударуға және оның жауапкершілігін неғұрлым толықтай көрсетуге тиіс.

Кемелерді ағымдағы жөндеу

2016 жылы ағымдағы жөндеу жүргізуге шарттар жасасты. «Галактика» АҚБ жасасқан шарттарды іске асыру барысында «ҚМГ-106», «ҚМГ-107», «ҚМГ-108» баржа-алаңдарда жөндеу жұмыстары жүргізілді, «Кемелік жабдық және сервис» ЖШС жасасқан шарт бойынша ТОҚФ сейреткіштері бойынша корпустық жұмыстар орындалды.

2016 жылы баржа-алаңдарға смит брикеттерді орнату арқылы «Тобыл» тс, «Есіл» тс және ҚМГ-106, ҚМГ-107, ҚМГ-108, ҚМГ-101 баржа-алаңдарының жіктелімін кезекті куәландыру көлемінде жұмыстар орындалды.

2016 жылы «Ертіс», «Орал ТС» сүйреткіштерінің жіктелімін аралық куәландыру көлемінде жөндеу жұмыстары орындалды.

Кемелер тұрағы

2016 жылғы қазан-желтоқсанда кемелердің тұрағы кемелердің қысқы тұрағы бойынша 2015-2016 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Кемелерді навигация аралық тұраққа қою кезеңінде кемелер «Теңіз-Сервис» ЖШС айлағына іргелес тұраққа қойылды. Тұрақта болған кезеңде жұмыстар тұраққа қою кезеңіне бекітілген Жұмыстар жоспарына сәйкес орындалады. ҚМГ-107, ҚМГ-108 баржа-алаңдар оларға ТҚ көрсету арқылы қазан-қарашада «Судосервис» АҚБ (Астрахань қаласы, РФ) тұраққа тұрды.

AMOS BS ФТМАЖ

- AMOS жүйесін қатарға қосу және қатардан шығару басшылық нұсқауы бойынша дер кезінде жүргізілді;
- байланыс шығыстарын азайту мақсатында AMOS деректерін жағалаулық ұтқыр байланысы арқылы беру бойынша іс-шаралар өткізілді;
- кеме жұмысының ақаулықтары анықталған жағдайда AMOS жүйесінің жұмысқа жарамдылығын қалпына келтіру қашықтықтан дер кезінде жүргізілді;
- әзірленген бизнес-процестер мен нұсқаулықтарға сәйкес KMTF UK Ltd персоналының AMOS деректеріне ойдағыдай қолжетімді болуы қамтамасыз етілді;
- әкімші құжаттардың жарамды мерзіміне бақылау жүргізуді қамтамасыз етті;
- Кемелердің ТҚжәнеЖ жоспарларын ойдағыдай құру қамтамасыз етілді, сондай-ақ өтінім процесі қамтамасыз етілді.

Кемелерді күзету:

- ҚТКФ басқаруындағы кемелердің Кемелерді және порттық құрылыстарды күзету жөніндегі халықаралық кодекс (КПҚК ХК) талаптарына сәйкес келуі қамтамасыз етілді;
- Кемелерде КПҚК бойынша оқу-жаттығулар ҚТКФ Жоспарына сәйкес жүргізілді, кемелердің капитандарына анықталған ескертпелер бойынша ұсыныстар жасалды және ескертпелерді жою мерзімі белгіленді;
- KMTF UK Ltd басқаруындағы кемелерде КПҚК құжаттамасының өзекті болуына тұрақты мониторинг жүргізілді;
- кемелерді күзетуге байланысты халықаралық конвенцияларға бірігу туралы ұсыныстар енгізілді;
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» заңына кемелерді күзету бөлігінде өзгерістерді енгізу үшін ұсыныстар енгізілді.

Техникалық менеджмент

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ФТПД болып табылады.

ҚТКФ 2016 жылғы бюджетін 2 айға бекітуге байланысты 2016 жылғы 11 қаңтардан бастап 5 танкерге кемелік менеджмент қызметтерін ұсынуға «Kazmortransflot UK Ltd» компаниясымен мерзімі 2 айға шарт жасасты және оның мерзімі 3 айға ұзартылды.

2016 жылғы 01 сәуірден бастап «Kazmortransflot UK Ltd» компаниясымен 2016 жылдың аяғына дейін 5 танкерге кемелік менеджмент қызметтерін ұсынуға шарт жасасты.

2016 жылғы 22 шілдеден бастап «Kazmortransflot UK Ltd» компаниясымен 2016 жылдың аяғына дейін «Ақтау ТК» танкеріне кемелік менеджмент қызметтерін ұсынуға шарт жасасты.

Орындалатын іс-шаралар:

- «Астана», «Алматы», «Ақтау ТК», «Атырау», «Ақтөбе», «Орал» танкерлерінің кемелік менеджментінің бюджетіне есеп жүргізу және есеп беру;
- есеп беру бойынша растама құжаттарды тексеру (ай сайын);
- орындалған жұмыстар актісін, репорттарды, инвойстарды қабылдап алу (ай сайын);
- АМОС жүйесінде кемелік өтінімдерді және АМОС жүйесінде жүйелер мен оның тетіктеріне техникалық қызмет көрсету есептемелерін тексеру;
- KMTF UK Ltd менеджері жеткізілімін жүргізетін БЖК және АМОС жүйесінде түзіп жасалған кемелік өтінімдерге сәйкес ҚТКФ ЖШС қоймасындағы ТМҚ танкер бортына дейін жеткізу.

Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну бойынша ақпаратты жинау, деректерді талдау, есептемелерді ресімдеу және оларды ҚМГ беру ай сайын жүргізіледі.

«Есіл», «Тобыл» сүйреткіштерін, ҚМГ-101 баржа-алаңын жөндеу жұмыстарына әзірлеу мақсатында мердігерлерге мониторинг жүргізілді және жөндеу тізімдері келісілді.

Сондай-ақ, мынадай жұмыстар жүргізілді:

- Кемелерде ЖЖМ шығысталуын талдау;
- ЖЖМ талдау;
- Кемелерде КИПиА тексеру;
- Сүңгуір жұмыстары;
- Корпустық жұмыстар;
- Газталдағыштарды тексеру.

Яхта

2016 жылғы 03 тамызда «Нұртау» яхтасы су бетіне түсірілді. Негізгі қозғалтқыштар мен дизель-генераторларға қызмет көрсету экипаждың және ФТПД жетекші-механиктерінің күшімен жүргізілді. 2016 жылғы 07 қазанда «Нұртау» яхтасы су бетінен көтерілді. 2016 жылғы 27 желтоқсанда «Нұртау» яхтасы ангарға қысқы тұраққа қойылды. Яхта экипажы яхтаға қызмет көрсетуді қысқы тұраққа қою жоспарына сәйкес жүргізді.

Ұсыныстар:

Кемелерге жөндеу жүргізуге және оларды тұраққа қоюға бөлінетін қаражатты тиісті деңгейде жоспарлау мақсатында Маркетинг және келісім шарттар департаменті және Флотты коммерциялық пайдалану қызметінен ФТПД атына алдыңғы жылға арналған өндірістік жоспарлар туралы ақпарат алдын ала берілуге не болмаса маркетинг рәсімдерін жүргізуге, ЖСЖ түзетулерді енгізуге, сатып алу және жеткізілімін жүргізуге, кемелердің келісім шарттарын жасасуға жеткілікті уақыт бөлінуге тиіс.

Кемелерді жабдықтау

Есеп беру кезеңінде кемелер отын және ауыз су үшін шамаққа алуды қосқанда, белгіленген нормаларға сәйкес толық көлемде қамтамасыз етілді.

Құжаттама

Халықаралық және заңнамалық жүйеде кеме қатынасы саласында болған баға өзгерістер, кемелер экипаждарының ҚБЖ ішкі-нормативтік талаптарын, кемеңі жалға алушының талаптарын сақтауы шеңберінде, сондай-ақ ҚБЖ қайта қарау жөніндегі ұсыныстарға сәйкес есеп беру кезеңінде мыналар әзірленді:

- Циркулярлық хаттар – 29
- Ақпараттық хат – 7
- Флот жөніндегі өкімдер – 13
- ҚБЖ жөніндегі бюллетеньдер – 14
- Шарттар – 172
- Өндірістік бұйрықтар – 12
- ТЖҚ сатып алу бұйрықтары – 147.

Компания жүзеге асыратын тексеру, талдау және баға беру

ҚБЖ тиісті деңгейде күтіп ұстау және Компания мен кемелердің ХҚБК талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз ету бойынша қызметті тексеру үшін ҚБЖ үшін жауапты ҚТКФ негізгі бөлімшелерінде және ҚТКФ кемелерінде 2016 жылғы аудит өткізу кестесіне сәйкес ҚБЖ ішкі аудиті, сондай-ақ OVPQ сауалнамасы бойынша ҚТКФ кемелерінде техникалық инспекция өткізілді.

ҚБЖ ішкі аудиті

№21 Кесте

	ҚТКФ негізгі бөлімшелері	ҚТКФ кемелеріндегі ҚБЖ ішкі аудиті	ҚТКФ кемелеріндегі техникалық инспекция
Сәйкес келмеушіліктер	8	79	42
Тексерулер	9	0	0

- Сәйкес келмеушіліктердің жалпы саны – 129
- Тексерудердің жалпы саны – 9
- Жойылған сәйкес келмеушіліктер саны – 129.

ҚБЖ үшін жауапты ҚТКФ негізгі бөлімшелерінде ҚБЖ ішкі аудиті

№22 Кесте

	ЖТ	СТҚ Д	КҚМ Қ	ФТП Д	ТҚЕ және ҚОҚ	ҚБ Д	МТЖ Қ	СКЭ Ф	МҚ Д
Сәйкес келмеушіліктер	0	4	1	0	1	0	0	1	1
Тексерулер	0	0	1	1	0	1	3	1	1

ҚТКФ кемелерінде ҚБЖ ішкі аудиті

№23 Кесте

	Орал ТС	Ертіс	Есіл	Тобыл	Орал
Сәйкес келмеушіліктер	5	15	17	40	2

ҚТКФ кемелерінде техникалық инспекция

№24 Кесте

	Орал ТС	Ертіс	Есіл	Тобыл	Орал
Сәйкес келмеушіліктер	5	4	8	10	15

Компания және ҚТКФ кемелеріне ҚБЖ ішкі аудитін өткізу кезінде жасалған ескертпелер, сондай-ақ техникалық инспекция шеңберінде ескертпелерді олардың қайталануын болдырмау және ҚТКФ ҚБЖ қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында уақтылы жою және сақтандыру шараларын алу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз етуге бағытталған түзетулерді енгізу мен сақтандырудың Іс-әрекет жоспары әзірленді.

Компания қызметкерлерінің ҚТКФ кемелерін тексеріп қарауы

№25 Кесте

	Ертіс	Орал ТС	Есіл	Тобыл	ҚТКФ-1	Алматы	Астана	Ақтау ТК	Ақтөбе	Атырау	Орал
Тағайында алған тұлға	4	2	2	2	0	2	0	0	0	1	0
ТҚЕ және ҚОҚ Қ	3	3	1	2	0	0	0	0	0	0	0
СТҚД	15	10	12	10	1	1	0	0	0	0	1
ФТПД	15	5	3	1	1	9	12	11	7	2	1

Қауіпсіздікті басқару жүйесіне өзін өзі бағалау арқылы баға беру

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ ҚБЖ талдау және ҚБЖ тиімділігіне өзін өзі бағалау арқылы баға беру нәтижелері шеңберінде кемелді жүйе коэффициенті сандық мәнінің он қарқындылығы мына негізгі қауіпсіздік салаларында байқалуда:

1. Компанияның саясаты және жауапкершілігі;
2. Персонал және ресурстар;
3. Негізгі операциялардың қауіпсіздігі;
4. Авариялық жағдайларға әзір болу;
5. Сәйкес келмеушілік және техникалық қызмет көрсету;
6. Компанияның ҚБЖ құжаттамасы және оның тиімділігін талдау.
7. 2016 жылы кемелдену деңгейін он балдық шәкілмен бағалау – **8.86** құрады. 2015 жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы талдау кезінде (**8,77**) 0,09 балға дейін жақсару қарқындылығы байқалды.

ҚБЖ талдаптарын сақтау шеңберінде ҚТКФ Жоғары басшылығы деңгейінде Қауіпсіздік/Сапа/ҚОҚ/Кәсіби қауіпсіздік мәселелері бойынша тоқсандық 3 отырыс өтті.

Сертификаттау және мерзімді куәландыру

2016 жылғы 02 маусымнан 03 маусымға дейінгі кезеңде Ресей Теңіз кеме тіркелімі (РТ) ҚТКФ ӨБЖ жұмысына талдай отырып, ҚТКФ саясаттарымен, Компанияның Жоғары басшылығы белгілеген стратегиялық міндеттермен ҚТКФ саясаттарында көзделген теңізде жүзу қауіпсіздігінің негізгі қағидаттарын сақтай отырып, кеме қатынасы саласында Халықаралық конвенциялардың, Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамалық базасы мен ҚБЖ рәсімдік талаптарын ұстана отырып, ҚТКФ ҚБЖ Қауіпсіздікті басқару жөніндегі халықаралық кодекске сәйкес келуіне жыл сайынғы куәландыру жүргізді.

ҚБЖ үшін жауапты ҚТКФ жағалау персоналының біліктілігін, құзырлығы мен кәсіби даярлығын арттыру шеңберінде ҚБЖ жөніндегі инспекция және аудит қызметі ҚТКФ ҚБЖ рәсімдік талаптарын егжей-тегжейлі талқылау және жағалау персоналын жоспарлы оқыту және оның хабардар болуы мақсатында ҚБЖ жөніндегі Техникалық оқу жүргізуді қамтамасыз етті.

ҚТКФ кемелеріне техникалық суперинтендант/Ішкі аудит тарапынан техникалық инспекция жүргізу кезінде кемелер экипаждарының ҚБЖ талаптарын орындауын бақылау және теңізде жүзу қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға бағытталған кемелердің экипаждарына практикалық көмек көрсетуді және түсіндірме беруді қамтамасыз етті.

Уақытша құжаттарды сертификаттау

Докқа қою мәніне біржолғы өту мақсатында «ҚМГ-107», «ҚМГ-108» Кеме тіркелімі тарапынан берілген Уақытша сүйреткіш куәлігі ресімделді.

Куәландыру

ҚТКФ кемелеріне Кеме тіркелімі (бұдан әрі – КТ) тарапынан олардың сыныптау талаптарына және халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес келуіне техникалық қадағалауды жүзеге асыру шеңберінде ҚТКФ кемелері куәландырудың мына түрлеріне ұсынылды:

№26 Кесте

Кеме	Докқа қою	Кезекті	Кезектен тыс	Жыл сайынғы
Орал ТС	02.03.2016	02.03.2016		02.03.2016
Ертіс	05.04.2016		СБ НҚ жөндеу	05.04.2016
Есіс	18.04.2016	18.04.2016	Меншік иесін ауыстыру, сүйреткіш кемесіне куәлікті алу	18.04.2016

Тобыл	06.04.2016		Меншік иесін ауыстыру, жәкірлік құрылғына тексеру	06.04.2016
ҚТКФ-1				27.06.2016
Нұртау яхтасы				23.09.2016
Астана				14.05.2016
Алматы				30.08.2016
Ақтау ТК		12.07.2016		12.07.2016
Ақтөбе				15.08.2016
Атырау				19.11.2016
Орал				01.10.2016
ҚМГ-101	15.04.2016			15.04.2016
ҚМГ-102			Смит-брекетті орнату	25.05.2016
ҚМГ-103				02.11.2016
ҚМГ-104				24.11.2016
ҚМГ-105				25.11.2016
ҚМГ-106	15.07.2016	15.07.2016	Докка қоюды кезекті куәландырудың соңғы мерзімін ұзарту	15.07.2016
ҚМГ-107	27.05.2016	27.05.2016	Кемені қуып жеткізу, смит- брекетті орнату, кеме иесін ауыстыру	27.05.2016
ҚМГ-108	10.06.2016	10.06.2016	Кеме иесін ауыстыру смит- брекетті орнату,	10.06.2016

Тапсырысшы тарапынан кемелерге инспекция жүргізу

№27 Кесте

Артық шылық	АҚМ және ӨҚМ	Сүйрет кіш мүлкі	Корпус	Маркас ы	Навигац иялық оттар	Кеме жабдығ ы	АҒТБЖ	Кеме ні жабд ықтау	Кеме құжатт ары
Жоғар ы	6	11	0	1	5	5	0	5	5
Орташ а	0	1	1	4	0	5	0	2	2
Төмен	0	1	0	2	0	3	0	0	0
Барлығ ы	6	13	1	7	5	13	0	7	7

Ескертпелердің жалпы саны:

- артықшылығы жоғары - 38

- артықшылығы орташа - 15

- артықшылығы төмен - 6

Барлығы: 59

Жабық ескертпелер саны: 59

2017 жылға арналған мақсаттар мен міндеттер

1. 2017 жылғы бүкіл кезінде кемелерді авариясыз пайдалануды қамтамасыз ету;
2. Жазатайым оқиғаларды және адам өлімін болдыртпау;
3. Қоршаған оратны қорғау бойынша талаптарды орындауды қамтамасыз ету және оларды ұстану;
4. Компанияда және кемелерде ҚБЖ рәсімдік талаптарын ұстану;
5. Конвециялық, сыныптау және ұлттық талаптарды, кемені жалға алушы талаптарын есепке ала отырып, кемелердің ұдайы әзір болуын қамтамасыз ету;
6. Кемелерді іркіліссіз және уақтылы жабдықтауды қамтамасыз ету;
7. Кемелермен үздіксіз байланыста болуды қамтамасыз ету;
8. Кеме және жағалаудағы персоналдың авариялық жағдайларға әзір болуын қамтамасыз ету;
9. Жоспарлы-сақтандыру тексерулерін және жөндеулерді уақтылы өткізу;
10. КЭҚ және техникалық құралдарды ТТ қатаң сәйкестікте пайдалануды қамтамасыз ету;
11. Компанияны кеме жіктелімі, ту және кемені жалға алушы талаптарына сәйкес уақтылы куәландыруды қамтамасыз етуге.

14.3. Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау

1. Еңбек қауіпсіздігі

Есеп беру кезеңінде ҚТКФ бойынша өндірістік жарақат алудың, жазатайым оқиғалардың, өрт алудың немесе авариялардың орын алған бірден бір жағдайлары тіркелмеді. Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде жол-көліктік уақиғаларға жол берілген жоқ.

Экипаж үшін еңбекті қорғаудың тиісті жағдайлары және оның қауіпсіздік жағдайлары кемелерде мына іс-шараларды алу арқылы қамтамасыз етілді:

- діріл-акустикалық қабілеті жақсартылған және амортизаторларға орнатылған дизель-генераторларды және негізгі қозғалтқыштарды қолдану;
- ауаны баптау жүйесінде шуыл бәсеңдеткіштерін орнату;
- орын-жайларда дірілді төмендететін мастиктер мен дыбыс окшаулағыштарды пайдалану;
- орын-жайлардың қаптамасын жақсартылған акустикалық сипаттамасында қолдану;
- неғұрлым жауапты жергілікті автоматтандырылған бөлшектерді (қазандықтар, компрессорлар, сепараторлар) және рульдік рупкадан және ОБП негізгі қозғалтқыштарды, дизель-генераторларды, негізгі және қызмет көрсетуші бөлшектерді қашықтықтан басқару;
- кемені МБ вахта жүргізбей мерзімді қызмет көрсету арқылы пайдалану;
- рупка діңгегі мен оның төбесінде, экипаждың тұрақты жұмыс орындарынан тыс жерлерде радиоэлектрондық құралдардың сәулелік антенналарын орнату;
- антеннада орнатылған таратқышпен қоса негізгі сәуле тарату көзі ретінде радиолокациялық станцияларды қолдану, яғни кеменің жұмыс және тұрғын жайлардан тысқары орналасқан;

- бүкіл радио-электрондық аппаратура үшін металдан жасалған экран-корпустарды қолдану.

Жұмыстарды және теңіз операцияларын орындау кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың теріс әсерінен қорғау үшін кемелердегі жүзу құрамы арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және басқадай жеке бас қорғанысының құралдарымен қамтамасыз етілді.

Кемені санитарлық бақылаудан босату туралы/кеменің санитарлық бақылаудан өтуі туралы (Халықаралық медициналық-санитарлық қағидалардың талаптарына сәйкес) куәлікті алу үшін әрбір 6 ай сайын кемелердің сумен қамтамасыз ету жүйесіндегі суларға микробиологиялық және бактериологиялық зерттеулер (тексеру) жүргізілді.

2. Сақтандыру

Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына нұқсан келтіруден қызметкерлердің мүлдіктік мүддесін қорғауды (сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы) қамтамасыз ету, сондай-ақ 07.02.2005 жылғы «Еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» ҚР № 30-III ҚРЗ Заңының талаптарын сақтауды қамтамасыз ету үшін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру рәсімі жүргізілді.

3. Қызметтік автокөлікті пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі

Қызметтік автокөліктің қауіпсіз пайдаланылуын және ЖКО сақтандыруды жүзеге асыру мақсатында ҚТКФ бойынша автокөлікті спутник арқылы бақылау жүйесі қолданысқа енгізілді. Аталмыш жүйе қызметтік автокөлікке орнатылған және көлік құралының жай-күйі мен тұрған жері туралы сымсыз GSM-арнасы бойынша мәлімет беру үшін көздістірілген электрондық құрылғы (терминал-датчик) болып табылады. Қызметтік автокөлікті тәулік бойы бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу (жылдамдық режимі, тұрған жері, қозғалып отыру бағыты, жол жүру және тоқтап тұру уақыты) нақтылы уақыт режимінде жүзеге асырылады. Тұрған жерін анықтау және осы жайлы деректерді беру Ғарыштық навигациялық жүйе (GPS) және қызметтік автокөлікте орнатылған датчиктер (терминал) көмегімен жүзеге асырылады. Қызметтік көлікті бақылау және оның қозғалысына мониторингі жүргізу интернет арқылы қашықтықтан жүзеге асырылады. Жүйеге қызмет көрсетуді шарттық міндеттемелер негізінде мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

Қызметтік автокөлік толықтай қауіпсіздік белдіктерімен жарақталды.

«Медсервис КЗ» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізушілерді рейс алды және рейс аяқталысымен куәландыру жүргізілді. Осы бойынша бүкіл жазбалар белгіленген үлгідегі журналда тіркелді.

4. Денсаулықты қорғау және алкогольдік ішімдіктерді қолдануға қарсы саясат

2016 жылы қызметкерлерге тегін медициналық қызметтер «Қазақинстрах» АҚ (Астана қаласындағы ҚТКФ Өкілдігі қызметкерлері үшін) арасында жасасқан сақтандыру шарты және «Sofie Medgroup» көп салалық клиникасы» ЖШС (Ақтау қаласындағы қызметкерлер үшін) арасында медициналық қызметтерге жасасқан шарт шеңберінде ұсынылды.

Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексерістері «Sofie Medgroup» көп салалық клиникасы» ЖШС жасасқан шартқа сәйкес жүргізілді. Осы үшін медициналық тексерістен өтуге тиіс мамандықтар санаты мен қызметкерлер тізімі түзіп жасалды, ол Маңғыстау көлікте тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқарма бөлімімен келісілді.

ҚТКФ сүйреткіштері үшін медициналық мәнге ие дәрі-дәрмек және медициналық препараттар сатып алынды.

«Түпқараған орталық аудандық аурухана» МКК жасасқан шартқа сәйкес сүйреткіштердің экипаждарына медициналық куәландыру (экипаж ауысымы кезінде) жүргізілді. Медициналық тексеріс нәтижелері бойынша кеме экипажына денсаулық жағдайына - қан қысымының жоғары болуына байланысты жұмысқа шығуға рұқсат етпеудің екі оқиғасы тіркелді:

- 2016 жылғы 08 қыркүйекте «Орал ТС» екінші механигі А.А.Отарбаевтың қан қысымы – 180/100;

- 2016 жылғы 01 желтоқсанда «Тобыл» сүйреткішінің аға көмекшісі А.П.Носценконың қан қысы – 165/100 көреткішінде болды.

Осы қызметкерлер жұмысқа екінші қайтара куәландырудан өткеннен кейін жіберілді.

Бүкіл жазбалар медициналық куәландыру парақтары мен журналдарында тіркелді.

5. Өрт қауіпсіздігі

Жүк танкерін «Астана», «Ақтау ТК», «Атырау», «Ақтөбе», «Орал» танкерлерінде өрт алудан және жарылыстан қорғау үшін инерттік газдар жүйелері көздестірілді. ҚТКФ кемелері жергілікті өрт сөндіру жүйесімен (су, көбік, көмір қышқылы және жергілікті қолданудағы құралда), сондай-ақ өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен жарақталды. Пайдаланудағы өртсөндіргіштер техникалық куәландырудан және мамандандырылған ұйымдарда қайта зарядтаудан өтіп отырады.

Әкімшілік ғимараттағы өрт қауіпсіздігінің жүйесі өрт алуды шектеуді және алдын ала адамдарды эвакуациялауды қамтамасыз ететін өрт сөндіру құралдарын, өрт сөндірудің су құбырларын, автоматтандырылған өрт сөндіру жүйесін, өрт алу жағдайы туралы құлақтандыру жүйесін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Бүкіл өрт есіктері өздігімен жабылатын тетіктермен жабдықталды. Объектіде эвакуация үшін екі басқыш шабағы (Н1 және Н3 түрлерінде) көздестірілді. Эвакуациялау жолдарындағы бүкіл есіктер эвакуациялау бағыты бойынша ашылады. 15 адамнан асыра жиналатын орын-жайлардағы есіктер сыртқа қарай ашылады. 50 адамнан асыра жиналатын орын-жайларда кем дегенде екі шығу есігі көздестірілді.

Объектіде бір өрт лифті көздестірілді. Ғимаратта ауаның сырттан келуі үшін желдету жүйесі және түтін шығару қондырғысы (автотұрақ пен атриумде) орнатылды. Өрт алу кезінде желдетпе және баптау жүйесінің автоматты істен ажыратылуы және сырттан ауаның келуі және түтін шығару қондырғысының іске қосылуы көздестірілді.

Салауатты еңбек жағдайларын құру, шылым шегудің алдын алу және темекі өнімдерінің теріс әсерінен қызметкерлердің денсаулығын қорғау мақсатында 19.10.2016 жылғы №49П бұйрықпен ғимарат ішінде шылым шегуге тыйым салу және шылым шегу орны ретінде ғимараттан тыс жерді белгілеу туралы шешім қабылданды.

6. Төтенше жағдайларға ден қою

Төтенше жағдайларға, соның ішінде мұнайдың төгілуіне және олардың салдарын жою бойынша тиісінше операцияларды орындауға оралымды және тиімді ден қоюды қамтамасыз ету жүйесін құру мақсатында ҚТКФ бойынша мыналар әзірленді:

- жағалаулық авариялық жоспар;
- кемелік авариялық жоспар;
- мұнайдан ластануға қарсы күрес жүргізу бойынша төтенше жағдайлардың Кемелік жоспары (бұдан әрі – SOPEP жоспары).

- бүкіл көрсетілген құжаттар қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде кешенді нормативтік-құқықтық құжаттардың құрама элементі болып табылады. Бүкіл жоспарлар бір бірімен сабақтас және бірыңғай болып келеді. Олар қауіпсіздік және ластануды болдырмау жөніндегі халықаралық стандарттарға (қағидалар мен нормалар) сәйкес әзірленді.

Кеме персоналының авариялық жағдайларда іс-әрекетін практикалық пысықтау компания әзірлеген оқу бағдарламалары мен жаттығулар бойынша жүргізілді (ең бастысы сәйкестендірілген (анықталған) ықтимал мүмкінді авариялық жағдайларға қатысты қолданылады).

Жағалау және кеме персоналының сәйкестендірілген және өзге күтілмеген ықтимал мүмкінді авариялық жағдайлардағы іс-әрекетке ұдайы әзір болуына даярлық жүргізу және оны қамтамасыз ету үшін мыналар құрылды:

- компания – Компанияның авариялық жағдайлар жөніндегі Жедел штабы;
- кеме – Қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеме комитеті.

Компанияда компьютерлік үлгі негізінде мұнайдың төгілу және ықтимал таралу алаңын көрсете отырып, мүмкінді мұнай төгілу жағдайын талдау, сондай-ақ персонал мен командалық құрамды үлгі есебінде алынған авариялық жағдайларға жаттықтыру және оқыту үшін программалық-аппараттық тренажер - PISCES II бағдарламасы көздестірілді.

Диспетчерлік қызметтің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды, ол мына байланыс және құлақтандыру жүйелерімен қамтамасыз етілді: ПВ-KB SAILOR HC 4500 жергілікті радиостанциясы, УКВ SAILOR RT 5022 жергілікті радиостанциясы, интернет, телефон және факсимильдік байланыс, ДЧС тікелей телефон байланысы.

ТЖ кезінде үйлестіруші органдармен іс-қимыл жасау және хабарлама беру тәртібі құжат түрінде айқындалды.

Теңізде жүзу қауіпсіздігін арттыру, қоршаған ортаны кеме қатынасының мүмкінді теріс салдарынан қорғау және төтенше жағдайлар кезінде шұғыл ден қою мақсатында Shipping Explorer жүйесі орнатылды, ол УКВ әрекет ету аймағы шегінде ААЖ (автоматтандырылған ақпараттық жүйе) арқылы жұмыс істейді және кез келген кемеңнің тұрған жерін нақтылы режимде қадағалап отыру, жүзеге асырылып отырған ағымдағы операцияны, оның габариттерін анық білу, маршруты туралы ақпаратқа, сондай-ақ кеме иесі туралы мәліметке (соның ішінде байланыс деректері) ие болу мүмкіндігін берді.

Кемелерді ААЖ әрекет ету аймағынан тыс жерлерде қадағалап отыру спутник байланысы арқылы кемелерді қашықтықтан анықтау жүйесі (КҚАЖ) бойынша жүзеге асырылды.

СОЛАС 74 Конвенциясының ІҮ-бөліміне сәйкес Компания кемелерінде А1, А2, А3 теңіз аймақтарында кемелерді пайдалануды қамтамасыз ететін радионавигациялық жабдықтар және АҒТБЖ жабдығы орнатылды. Команда беру және кеме бойынша құлақтандыру, сондай-ақ рульдік рубка мен пост арасында дауыстық байланысты орнату үшін дауыстық байланыс пен трансляция жүргізу аппаратурасы орнатылды. Жалпы кемелік дабылдама белгісін беру үшін авральды дабылқакқыш көздестірілді. Дыбыстық белгі беру үшін кемеді екі тифон (ауа және электр) қондырылды. Тифондарды басқару рульдік рубкадан электр қуатымен қашықтықтан және автоматты түрде жүргізіледі.

7. Оқыту, нұсқама беру

Жүргізу сипаты мен жүргізу уақыты бойынша мынадай нұсқамалар өткізілді: кіріспе, жұмыс орнында бастапқы, екінші қайтара, жоспардан тыс, мақсатты. Нұсқамалар бекітілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Кіріспе нұсқама беру үшін қосымша слайд түрінде таныстыру өткізілді.

Кемелер ҚТКФ қызметіне қолданылатын техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы заңнамалық және басқадай талаптармен («ПАРАГРАФ» ақпараттық жүйесі арқылы) қамтамасыз етілді.

ҚМГ бастамашылығымен ҚТКФ қызметкерлері мына тақырыптарда білім алды:

- халықаралық талаптарға сәйкес уақиғаларды тергеу және оларды жемісті жүргізудің негізгі факторлары, Б.А.Қайболдиев;

- Қауіпсіздік саласында танылған көшбасшылық. Жоғары басшылық үшін еңбекті қорғауды, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғауды басқару, А.Н.Оржанов;

- «Кәсіби патология және жұмыс орындарын аттестаттау» циклі бойынша «Еңбек медицинасы», Б.М.Ережепов.

Әкімшілік-басқарушы және қызмет көрсетуші персоналдың төтенше жағдайларға әзір болуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ республикада жаппай көпшілік объектілерді өрт алу жағдайларының жиі орын алуына байланысты 2017 жылғы 18 ақпанда сағат 15.00-ден 15.27-ге дейін №70 әкімшілік ғимаратында Маңғыстау облысы бойынша төтенше жағдайлар жөніндегі департаментінің «Өрт

сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ тарту арқылы өрт қауіпсіздігі бойынша оқу дабылы өткізілді.

Оқу дабылын өткізу барысында мына іс-әрекет пысықталды:

ҚТКФ, жалға алушының, сондай-ақ Әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсетуші персоналдың қызметкерлері эвакуациялау жоспары мен жарық көрсеткіш белгілеріне сәйкес жиналу жеріне (ғимаратқа (сквер) іргелес аумақ) эвакуацияланды. Эвакуация ғимараттың негізгі және авариялық шығу есіктері арқылы жүзеге асырылды. Эвакуация 6-7 минут уақыт алды.

Әкімшілік ғимаратқа қызмет көрсетуші мердігерлердің төтенше жағдайлар кезінде іс-қимылы, соның ішінде өрт сөндіру органдарының іс-қимылы ұйымдастырылды.

Өрт сөндіру колонкаларын іске қосу және өрт сөндіру жеңі арқылы су беру жолымен өрт гидранттарының жұмысқа жарамдылығы тексерілді.

Кеңсе орын-жайы өрт дабылқаққышының және «Орион» біріктірілген күзету жүйесінің жұмысқа жарамдылығы тексерілді.

№1 ӨБҚ оқу дабылы үшін 2 өрт сөндіру машинасы, жиналмалы баспасымен қоса 1 өрт сөндіру машинасы және өрт сөндіру командасы тартылды.

8. Басқадай жұмыстар

Еңбектің салауатты жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында теңіз сүйреткіштерінің экипаждарына және яхта экипажына ұжымдық азық-түлік шығыстарының нормалары қайта қаралды. Осы мәселе ҚТКФ Басқармасының қарауына шығарылды және теңіз сүйреткіштерінің экипаждарына және яхта экипажына тәуліктік норма ҚТКФ Басқармасының 25.03.2016 жылғы № 05 хаттамасына сәйкес 1800 теңгеден 2 109,6 теңгеге дейін ұлғайды.

ҚМГ талаптарына сәйкес ҚТКФ Басқармасының шешімімен (25.03.2016 жылғы №05 хаттама) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ҚТКФ қызметкерлерінің кодексі және «Алтын қағида» бекітілді, яғни ҚТКФ ЕҚ және ТҚ саласында мына 8 «Алтын қағида» бекітілді:

- 1) Жұмысқа әзір болу;
- 2) Қызметтік көлік құралын жүргізу мезгілінде қауіпсіздік;
- 3) Аса қауіпті жұмыстарды орындауға рұқсат-наряд;
- 4) Энергия көздерін оқшаулау;
- 5) Тұйық кеңістікте жұмыс істеу;
- 6) Биіктікте жұмыс істеу;
- 7) Қозғалыс үстіндегі жабдық және кернеу астындағы жабдық;
- 8) Жүк көтеру операциялары.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар және тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағидаға және ҚТКФ «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында үздік инновациялық идеялар және тәжірибелер» жыл сайынғы конкурсын өткізу тәртібі мен талаптары туралы қағида» ҚТКФ.103 КСТ сәйкес ҚТКФ қызметкерлері ҚМГ Басқармасы төрағасының «Денсаулықты, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

саласында үздік инновациялық идеялар және тәжірибелер» жыл сайынғы екінші конкурсына қатысты.

ЕҚ және ТҚ қызметінің бастығы Б.А.Қайболдиев осы конкурста әлеуметтік және экологиялық тұрақтылық жөніндегі кешенді бағдарлама (ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің ағаш отырғызуы және қоршаған ортаны көгалдандыру мен жақсартуға жеке үлесін қосуы) туралы идеясымен үшінші орын жүлдегері атанды.

14.4. Қоршаған ортаны қорғау

Ластағыш заттектердің атмосфераға шығарылуы

№28 Кесте

	2012	2013	2014	2015	2016
Белгіленген нормалар, тоннамен	517,6	523,5	142,7	150,2	98,8
Фактические объемы в тоннах	81,2	70,8	69,9	34,6	15,0

Өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде есеп беру кезеңінде жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектер тастандыларының есебі экология саласында бастапқы есепке алу деректері және компаниядағы айналым-сальдо тізімі негізінде тоқсан сайын орындалды. Қоршаған ортаға жүргізілетін эмиссияға алынған рұқсатқа сәйкес жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектер тастандылары белгіленген нормативтер шегінде болды, бірде бір ингредиент бойынша белгіленген нормативтерді асыру жағдайы тіркелмеді.

Жергілікті ластану көздерінен атмосфераға шығарылатын ластағыш заттектер тастандыларының соңғы бес жыл ішінде белгіленген нормативтермен салыстырғанда төмендеуі айлақ кешенін жалға алуға «Теңіз Сервис» ЖШС жасасқан, Баутин поселкесінде Теңіз операцияларын қолдау базасының вахталық поселкесі үшін жер учаскесін жалға алуға жасасқан шарттарды, Сервистік келісімдерді бұзумен, «Айназар» әктас-ұлутас карьерін өңдеуді тоқтатумен, кемелерді жергілікті ластану көздерінен жылжымалы ластану көздеріне қарай ауыстырумен, ауа бассейнін қорғау бойынша жоспарланған іс-шараларды орындаумен байланысты болды.

Парниктік газдар тастандылары

№29 Кесте

	2012	2013	2014	2015	2016
Ішкі тасымал, тоннамен	3500,4	1778,1	1512,6	1881,1	1271,8
Халықаралық тасымал, тоннамен	29471,8	32671,4	30705,6	27630,4	25619,3

Қазақстан Республикасы энергетика министрі міндетін атқарушының 28.07.2015 жылғы «Парниктік газдарға түгендеу жүргізу туралы есептеме

нысандарын бекіту туралы» №502 бұйрығына сәйкес есеп беру кезеңінде мұнай құю танкерлерінде, магистралдық сүйреткіштерде, «Нұртау» яхтасында және Ақтау қаласында Әкімшілік орын-жайда (кеңсе орын-жайы) парниктік газдар тастандыларының көздеріне түгендеу жүргізілді.

2012-2016 жылдары кәсіпорын парниктік газдары тастандыларының елеулі үлесі құрамында жергілікті және ұтқыр жағу отынымен байланысты парниктік газдар тастандыларының санатына ие «Энергетика» секторына шақ келді. Ішкі тасымалдаудан болған парниктік газдар тастандыларының жылдық нақты көлемі жиырма мың тонна қос тотықты көмірсутектен жоғары болмайды, яғни ҚТКФ әкімшілеу субъектісі ретінде оған квота бөлу және парниктік газдар тастандыларын қысқарту мен жоюдың нарықтық тетіктерін белгілеу бөлігінде ҚР Экологиялық кодексінің нормалары қолданылмайды.

Ішкі және халықаралық тасымалдаудан болған парниктік газдар тастандылары үлесінің есеп беру кезеңінде төмендеуі Баутин поселкесінде Теңіз операцияларын қолдау базасының вахталық поселкесі үшін жер учаскесін жалға алуға жасасқан шартты бұзумен, «Орал ТС» және «Ертіс» магистралдық сүйреткіштерін аралық жөндеуге орай кемелердегі отын шығыстарының нақты төмендеуімен, «Есіл» және «Тобыл» магистралдық сүйреткіштерін» «Ақтау ТК» мұнай құю танкерін зауытқа кезекті жөндеуге қоюмен, «Ақтау ТК», «Алматы», «Орал», «Ақтөбе» және «Атырау» мұнай құю танкерлерінде инертті газдар жүйесін пайдаланбаумен және отын тұтынуды азайтуға бағытталған кешенді іс-шараларды орындаумен байланысты болды.

Озон қабатын бұзатын заттектерді қолдану

№30 Кесте

	2012	2013	2014	2015	2016
Дифторхлорметан (ГХФУ-22), килә	120,61	94,61	20,48	0	0
Дихлордифторметан (ХФУ-12), килә	0,38	0,14	0	0	0

ҚР энергетика министрінің 15.04.2015 жылғы «Озон қабатын бұзатын заттектерді тұтынуды есепке алу қағидасын бекіту туралды» № 285 бұйрығына сәйкес магистралдық сүйреткіштерде, мұнай құю танкерлерінде, «Нұртау» яхтасында және Ақтау қаласында Әкімшілік орын-жайда (кеңсе орын-жайы) озон қабатын бұзатын заттектерді тұтыну көздеріне түгендеу жүргізілді.

Түгендеу жүргізу қорытындылары бойынша хладагент есебінде озон қабатын бұзатын заттектер жөніндегі Монреаль хаттамасының С Қосымшасының I-тобын құрайтын Дифторхлорметан (ГХФУ-22) қолданылатын ауа баптау жүйесі мен тоңазытқыш қондырғыларының 17 данасы анықталды.

2014-2016 жылдары баптау жүйесі мен тоңазытқыш қондырғыларына Дифторхлорметан (ГХФУ-22) хладоны қолданылмады.

Есеп беру кезеңінде «Орал ТС» магистралдық сүйреткішінде салқындату сұйықтығы ретінде Дифторхлорметанды (ГХФУ-22) пайдаланатын ауа баптау жүйесі пайдаланудан шығарылды.

Қалдықтардың айналысы

№31 Кесте

	2012	2013	2014	2015	2016
«Янтарь тізімі», тоннамен	22,507	27,217	78,471	78,710	77,268
Жасыл тізім (кеңсе орын-жайын есепке алмағанда), тоннамен	70,267	57,761	35,546	30,964	30,214
Жасыл тізім (кеңсе орын-жайы), тоннамен	0	0	0	83,25	154,75

Кемелерден алынған азық-түлік қалдықтарын және тұрмыстық қоқысты мұнай құю танкерлерінің кемелік инсенераторларында өртеу және қайтарылуға тиіс пластик ыдысқа құйылған суды пайдалану есебінен «жасыл» тізімдегі қауіпті қалдықтардың пайда болуы және оларды қоршаған табиғи ортаға орналастырудың жалпы қарқындылығының төмендеуі байқалды.

«Янтарь» тізіміндегі қауіпті қалдық түрлері (қоқыр) пайда болу көлемдерінің ұлғаюы кемелердің негізгі бөлшектерін пайдалану мерзімінің ұлғаюымен, «Орал», «Ақтөбе», «Атырау» танкерлерінің мотор отынына ішінара өтуімен, мұнай құю танкерлерін қоқыр жиналған танк-цистерналарды тазалау арқылы докка жөндеуге қоюмен байланысты болды.

2015 жылы Ақтау қаласында Әкімшілік орын-жайдың (кеңсе орын-жайы) қатарға қосылып, пайдалануға берілуіне байланысты кеңсе орын-жайларды және асхананы жалға алу есебінен қатты тұрмыстық қалдықтардың пайда болуы және оларды қоршаған табиғи ортаға орналастыру көлемі ұлғайды.

Мұнай құю танкерлеріндегі кемелік инсенераторларда қалдықтарды өртеу, мердігерлік мамандандырылған ұйымдардың күшімен қалдықтарды кәдеге жарату және қайтарылуға тиіс пластик ыдысты пайдалану қоршаған ортада мына қауіпті қалдықтар түрлерін орналастыру көлемін төмендету мүмкіндігін берді: «янтарь» тізімі – 73,293 тн, «жасыл» тізім – 10,502 тн, пайдаланудан жарамсыз құрамында күкірт бар шамдар – 462 дана, медициналық қалдықтар – 746 дана.

«1973 жылғы Кемелерден ластануды болдырмау жөніндегі Халықаралық конвенцияның 1978 жылғы Хаттамасына қоса берілген Қосымшаға түзетулер» МЕРС.201 (62) Қарарына сәйкес ағылшын және орыс тілдерінде «Қоқыстармен жүргізілетін операциялар» кеме журналының үлгісі әзірленіп, баспаханада басып шығарылды, сондай-ақ кемелерде экипажды қоқыс тастау бойынша қолданыстағы талаптар туралы хабардар ететін жарқағаздары ілінді.

«Қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқау» 01-ISM «Техникалық инспекциялар» 12.2.1-тарауына өзгерістер енгізілді, МАРПОЛ 73/78 Y-Қосымшасының «Сүйреткіштің экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04 EITG, «Танкердің экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04EITK әзірленіп, сәйкестендірілді.

Су пайдалану

№32 Кесте

	Танкерлер	Сүйреткіштер	Нұртау яхтасы	Ақтау мен Астанадағы кеңсе орын- жайлары
2016 жыл бойынша бөтелкеге құйылған ауыз суды тұтыну, литрмен	36 803	19420	500	18452

№33 Кесте

	Танкерлер	Сүйреткіштер	Ақтау мен Астанадағы кеңсе орын-жайлары
2016 жыл бойынша құйылмалы суды тұтыну, тоннамен	3189	483	5552

Қазақстан Республикасының 19.07.2003 жылғы № 481-ІІ Су кодексінің 115-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес ауыз және техникалық сапада алынған судың нақтылы көлемі жоспарлы жылдық көрсеткіштерден жоғары болған жоқ.

Мұнай құю танкерлерінде, Әкімшілік орын-жайда (кеңсе орын-жайы) және Астана қаласындағы Әкілдікте қайтарылатын 19 литр пластик ыдыстағы ауыз суды пайдалану «жасыл» тізімдегі қауіпті қалдықтар түрлерінің пайда болуын және қоршаған ортада орналастыру көлемін 1940,430 киләға азайтты (1 бөтелке салмағы 710 граммен 2733 дана).

Есеп беру кезеңінде Ақтау қаласының Әкімшілік орын-жайындағы (кеңсе орын-жайы) СГВ-20 ауыз су аспабының гидравликалық соққы әсерінен және су жолдарының ластануы нәтижесінде зақымдалуын болдыртпау үшін өндіруші-зауыт ұсыныстарына сәйкес санауыш құралдың алдына қысым реттегіш және сүзгіш-кран орнатылды.

Ағынды суларды бөлу

№34 Кесте

	Сүйреткі штерден тапсырыл ған ағынды	Танкерлерд ен тапсырылғ ан ағынды сулар	Танкерле рден теңізге төгілген ағынды	Кеңсе орын- жайынан қалалық канализацияға төгілген ағынды
--	---	--	--	--

	сулар		сулар	сулар
2016 жыл бойынша жойылған ағынды сулар, текше метр	530,09	415,65	2287,17	4303

№35 Кесте

	Сүйреткіштерден тапсырылған құрамында мұнай қалдықтары бар сулар	Танкерлерден тапсырылған құрамында мұнай қалдықтары бар сулар
2016 жыл бойынша құрамында мұнай қалдықтары бар сулар, текше метр	29,78	332,60

Есеп беру кезеңінде магистралдық сүйреткіштерден бүкіл ағынды сулар кейінгі уақытта оларды тазалау арқылы кәдеге жарату үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға тапсырылды, борт сыртына төгілмеді, клапандарға Ресей теңіз кеме тіркелімі мақұлдаған шаруашылық-ластанған, құрамында мұнай қалдықтары бар және балласты сулар жүйелерінің клапандарына пломба соғу сұлбасына сәйкес пломба соғылды.

МАРПОЛ 73/78 ІҮ-Қосымшасының 11-Қағидасының 1-тармағына сәйкес мұнай құю танкерлерінен ағынды сулар Ресей теңіз кеме тіркелімі мақұлдаған ағынды суларды төгудің қарқындылық есебіне сәйкес жақын арадағы жағалаудан 12 теңіз миль қашықтықта су бетіне ішінара төгілді.

Жабдықтарға және оның бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету кестелерін уақтылы орындауға, «Орал ТС» және «Ертіс» магистралдық сүйреткіштерінің аралық жөндеуін, «Есіл», «Тобыл» магистралдық сүйреткіштерінің және «Ақтау ТК» мұнай құю танкерінің зауытта кезекті жөндеуін дер кезінде жүргізуге байланысты ағынды сулардың нақты пайда болған, тазалауға (кәдеге жаратуға) тапсырылған және су объектілеріне төгілген көлемі есеп көрсеткіштерінен төмен болды.

«Қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқау» 01-ISM «Техникалық инспекциялар» 12.2.1-тарауына өзгерістер енгізілді, МАРПОЛ 73/78 ІҮ-Қосымшасының «Сүйреткіш экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04 EITG, «Танкер экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04EITK әзірленіп, сәйкестендірілді.

Орыс және ағылшын тілдерінде ағынды сулармен жүргізілетін операциялар журналы мен Мұнай операциялары журналы әзірленді және олардың үлгілік нысаны баспаханада басып шығарылды.

2016 жыл бойынша шартты-таза суларды төгу

№36 Кесте

	Танкерлер	Сүйреткіштер	Нұртау яхтасы
Рауалы концентрациялық шегі, миллиграмм/текше дециметр	73,246	33,176	33,051
Нақты, миллиграмм/текше дециметр	62,056	17,937	17,975

Есеп беру кезеңінде бекітілген Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына сәйкес мердігерлік мамандандырылған ұйымдардың күшімен Каспий теңізінің акваториясына магистралдық сүйреткіштерден, мұнай құю танкерлерінен, «Нұртау» серуендеу яхтасынан төгілетін шартты-таза суларға 12 кезеңнен тұратын талдамалық бақылау орындалды.

Көптеген жылдар бойы жүргізілген зерттеулер бойынша су үлгісін алудың бірден бір нүктесінде бақылаудағы ингредиенттердің КРШ деңгейін асыру жағдайы тіркелмеді, төгілетін шартты-таза сулардың температуралық режимі қысқа диапазонда құбылып отырды және қолданыстағы санитарлық нормалардан жоғары болған жоқ.

«Қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқау» 01-ISM «Техникалық инспекциялар» 12.2.1-тарауына өзгерістер енгізілді, Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасына сәйкес «Сүйреткіш экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04 EITG, «Танкер экологиялық инспекциясының чек-парағы» SMS-04 EITK әзірленіп, сәйкестендірілді.

«Қауіпсіздікті басқару жөніндегі нұсқау» 01-ISM өзгерістер енгізілді, Компанияның қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Қауіпсіздікті басқару жүйесі үшін жауапты негізгі бөлімшелерін тексеру чек-парақтары әзірленді.

Міндетті экологиялық сақтандыру

№37 Кесте

	2012	2013	2014	2015	2016
Соңғы бес жылда сақтандыру сыйлықақысын төлеуге жұмсалған нақты шығындар	162285	855144	914888	979108	1047774

13.12.2005 жылғы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының №39-III Заңына сәйкес ҚТКФ міндетті экологиялық сақтандыру шартын жыл сайын жасасып отырды, оның объектісі ретінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленіп отырған үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына, мүлкіне және (немесе) авариялық ластану нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге қызмет түрлерін жүзеге асыратын тұлғаның мүліктік мүддесі болып табылады.

2011 жылдан 2014 жылға дейінгі кезеңде міндетті экологиялық сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру жағдайлары тіркелмеді.

Сақтандыру сыйлықақысының сомасы 2013 жылдан бастап қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қауіпі бар объект иесі ретінде азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жағдайының болмауына байланысты ұлғайды.

15. КАДРЛЫҚ САЯСАТ, ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

15.1.Кадрлық саясат

ҚТКФ теңіз саласында Қазақстан Республикасындағы бірден бір ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылады. Оның қызметкерлер саны шамамен 260 адамды құрайды.

Қызметкерлердің неғұрлым үлес салмағына 25-тен 45-ке дейінгі жас шамасындағы жасамыс топқа шақ келді, ол персоналдың 65 %-ын құрады. Осы оңтайлы арақатынас жағдайында жас қызметкерлер мен тәжірибесі мол қызметкерлердің өзара бірқалыпты теңгерімі байқалды. ҚТКФ қызметкерлерінің орташа жасы - 35. Нақты адам саны 270 адамның ішіне жоғары білім алған қызметкерлер саны – 167 адамды, екінші қайтара білім алған адам саны – 19, магистратураны тәмамдағандар – 4, ғылыми дәрежесіне ие 1 адам санын құрады. Теңіз саласында 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі бар қызметкерлер ҚТКФ персоналының 78 %-ын құрады. ҚТКФ еңбек етіп отырған қызметкерлердің орташа жұмыс өтілі 7 жыл құрады.

2016 жылы персоналдың тұрақтамауы 8,73 % құрады.

ҚТКФ Кадрлық саясаты үздік корпоративтік практика шеңберінде қызметкерлер құрамы қолға алған жұмыстың бірыңғай әдістерін қамтамасыз етуді көздестіретін корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы ҚТКФ дамуының стратегиясын іске асырудың тиімді кадрлық сүйемелдеуіне бағдарланды. ҚТКФ Кадрлық саясатының негізгі мақсаты халықаралық жүйеге бірігу арқылы барынша жоғары табыс көруге және экономикалық ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген, жұмыс беруші сияқты қызметкер мүдделігінің үйлесімді сабақтасуына және олардың өзара қатынастарының ҚТКФ игілігі үшін дамуына ықпалдасатын бәсекелес ортада озаттықты қамтамасыз етуге бағытталып отырған қызметкерлер құрамының тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТКФ кадрлық саясаты қызметкерлер құрамымен жұмыс жүргізу саласында ең үздік іс-тәжірибені есепке ала отырып, кадрлық менеджменттің бұдан бұрын

калыптасқан әдістерін, ұзақ жылдар бойы жинақталған тәсілдері мен құралдарын өзара біріктіруге шақырады, осылайша персоналды басқару саласында ҚТКФ құндылықтарының корпоративтік жүйесінің бірыңғай әдістерін қалыптастырып, оларды пысықтау мүмкіндігін берді.

Кадрлық саясаттың өзекті проблемалары:

- Қазақстан Республикасының еңбек нарығында кемелердегі командалық аға құрамның лауазымдарын алмастыру үшін қажетті теңіз мамандарының болмауы;
- Қазақстан Республикасында сертификатталған теңіз оқу базасының болмауы.

Кадрлық саясаттың негізгі бағыттары:

- жұмыспен қамту және жалдау саласындағы саясат;
- қызметкерлер құрамын дамыту саласындағы саясат;
- еңбек жағдайларының сапасын арттыру;
- қазақстандық қызметкерлер үшін еңбектің және еңбекке ақы төлеудің тепе-тең жағдайларын қамтамасыз ету саясаты;
- корпоративтік мәдениет және мақсаттар мен құндылықтар трансляциясы саласындағы саясат.

ҚТКФ Кадрлық саясатын іске асыру аталмыш проблемаларды жоюды және ҚТКФ адам ресурстарын жаңа сапалы деңгейге шығаруды көздестіреді.

15.2. Кадрлардың даярлығын жүргізу

Өз алдында белгіленіп отырған мақсаттарды іске асыру ҚТКФ қызметкерлерінің сандық және сапалық құрамын бизнес қажеттіліктеріне, қолданыстағы заңнама талаптарына және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес келтіруді қамтамасыз етуге тиіс. Осы мәселенің өзектілігін Қазақстанда теңіз мамандығы бойынша білікті кадрлардың тапшылығы құрап отыр.

2016 жылы ҚТКФ Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан білікті кадрлық құрамды қалыптастыру үшін теңіз мамандарының даярлығын ұйымдастыру бағдарламасы аяқталды, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 27.11.2007 жылғы №152 хаттамалық шешімімен бекітілген «Танкерлік флот және теңіз операцияларын қолдау флоты үшін қазақстандық кадрларды дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған бағдарламасына» (Бағдарлама) сәйкес теңіз мамандарын даярлауды жүзеге асырды.

Қазіргі таңда оқу бітірген түлектердің едәуір бір бөлігі Каспий теңізіндегі кемелерде еңбек етуде, қалған бір бөлігі (ағылшын тілін меңгерген) ашық теңіздегі «Аффрамекс» үлгісіндегі ҚТКФ кемелерінде еңбек етеді.

ҚТКФ персоналын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру «ҚТКФ қызметкерлерін оқыту және дамыту қағидасы» ҚТКФ 019. КСТ сәйкес жүргізілуде. ҚТКФ Бас директоры бекіткен персоналды оқытудың 2016 жылғы жоспарына сәйкес 62 адам оқытылды, даярлықтан және қайта даярлықтан өтті. Оқу бюджетін орындау жоспарлы соманың 158 %-ын құрады. ҚТКФ қызметкерлері (соның ішінде басшы қызметкерлер) халықаралық конференцияларға қатысты. Сондай-ақ, «Іскерлік әкімшілеу магистрі» бағдарламасы бойынша 2 қызметкер, соның ішінде ҚТКФ Басшы құрамының бір қызметкері білім алды.

Қызметкерлер құрамын аттестаттау және бағалау

2016 жылы ҚТКФ қызметкерлерін аттестаттау жүргізілді. Аттестаттау қорытындылары бойынша 4 қызметкер ҚТКФ кадрлық резервіне қойылды, 5 қызметкер өз қызметіне сәйкес келді және 3 қызметкер екінші қайтара аттестаттауға жіберілді.

Қазіргі таңда 2009-2016 жылдар кезеңіндегі аттестаттау қорытындылары бойынша 20 қызметкер ҚТКФ Кадрлық резервіне қойылды.

ҚТКФ әкімшілік және өндірістік персоналын бағалау қағидасына сәйкес басқарушы персонал, басшы қызметкерлер бойынша ҚТКФ әкімшілік және өндірістік құрамы қызметкерлерінің қызмет нәтижелілігін бағалау тоқсан сайын жүргізіледі және оның нәтижелелері бойынша ҚТКФ қызметкерлеріне сыйлықақы берілді. Осымен бірге, басқарушы және басшы қызметкерлер үшін уәждемелі негізгі қызмет көрсеткіштері әзірленді.

15.3. Демеушілік және қайырымдылық көмек

ҚТКФ өз қызметін жүзеге асыру барысында Маңғыстау облысы халқының әлеуметтік қорғалмаған тобының жағдайына көңіл бөліп, оларға қолдау көрсетуде.

- ҚТКФ 2002 жылдан бастап Алматы қаласында тұратын жауынгер-теңізшілерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне шефтік көмек көрсетіп келеді;
- ҚТКФ 2005 жылдан бастап Ақтау қаласында тұратын тыл майданының ардагерлері мен қатысушыларына шефтік көмек көрсетіп келеді;
- 2016 жылғы 7 мамыр - Отан қорғаушысы күні ҚТКФ Жеңіс күнін тойлау қарсаңында ардагерлерді марапаттау бойынша мерекелік іс-шараларды өткізді. Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясының ұжымы соғыс ардагерлерімен бірге Мәңгілік алауға гүл шоғырын қойып, Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгерлерді еске алды. Салтанатты рәсім аяқталысымен ардагерлер мен Ақтау қаласының әкімі Жеңіс күніне ҚТКФ ғимаратында жайылған мерекелік дастархан басында жиналды.